

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

Э.М.Самекбаева

КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКА

Электронды құрал

«Когнитивтік лингвистика» (Филология: қазақ тілі 6М020500 «5В011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» және «5В012100-Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтарына арналған оқулық) – Электронды құрал. – Семей.:2015 ж.

Оқулықта когнитивтік лингвистика пәні, оның зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеттері, қалыптасу тарихы, басқа ғылым салаларымен байланысы, қазақ тіл біліміндегі және шетел тіл біліміндегі көрінісі туралы мәселелер берілген.

Сондай-ақ, когнитивтік лингвистиканың басты мәселелері – концепт ұғымы, концепт және концептуалдық құрылым, тілдік тұлға, дүниенің тілдік бейнесі, концептуалды метафора, танымдық фразеологизмдер, соның ішінде, этнографиялық фразеологизмдердің когнитивтік аспектісі, тілдің танымдық құрылымының мифтік негіздері туралы ғылыми талдамалар ұсынылған.

Оқулық студенттерге, магистранттарға, осы салада дәріс беретін оқытушыларға, ғылыми ізденушілерге арналады.



Э. М. Самекбаева

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Семей педагогикалық институтының филология факультетін «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бітірген (1988 ж.). Семей педагогикалық институтының оқытушысы (1992-1994 жж.), Абылайхан атындағы Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және Әлем тілдер университетінің аспиранты (1994-1997жж.), ҚР ҰҒА А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының мамандандырылған Ғылыми кеңесінде «Көркем әдебиет тіліндегі фразеологиялық компаративтер» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады (1997 ж., 14 қараша, ғылыми жетекшісі ф.ғ.д. ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор Б.Қалиев), Қазақстан білім беру ісінің үздігі (2000ж), 2001 ж. тіл білімі саласы бойынша доцент, Қазақстан білім беру ісінің үздігі (2000ж), Семей мемлекеттік педагогикалық институтына еңбегі сіңген медалінің иегері (2009 ж).

1992-2015 жж. университеттің қазақ тілі теориясы мен әдістемесі кафедрасында доценттік қызметте еңбек етіп келеді.

Ғылыми жұмысының негізгі бағыттары - Көркем әдебиет тілі, лингвостилистика, тіл мәдениеті, қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы, фразеологиясы, қазақ тілінің поэтикасы, когнитивтік лингвистика, тілді оқыту әдістемесі мәселелерімен шұғылданып жүр.

Басты ғылыми еңбектері: 100-ге тарта ғылыми мақалалары мен «М.Мағауин шығармаларындағы фразеологиялық компаративтер» (2000 ж.) атты ғылыми басылымы, «Қазақ тілі лексикологиясы бойынша лабораториялық жұмыстар» (2001 ж.) атты әдістемелік құралы, ф.ғ.д., профессор Б.Қалиевпен бірге «Қазіргі қазақ тілі синтаксисі бойынша сырттай оқытын студенттерге арналған» (2001 ж.) көмекші құралы жарық көрді.

АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі таңда антропоцентрлік бағыт аясында тілді «өз ішінде және өзі үшін» қарастыратын зерттеулер жеткіліксіз болып, оны тіл мен танымның, тіл мен адамның, тіл мен ойдың, тіл мен сананың, тіл мен мәдениеттің, тіл мен қоғамның бірлігінде зерттеу қажеттігі туып деп отыр.

Тіл – ойлаудың құралы, ал ойлау, яғни таным – шындық дүниенің бейнесі. Бұл ғалам бейнесінің тілден көрініс табуы. Тіл өз халқының мәдениетін, өркениетін, әлеуметтік құрылысын, дүниетанымын бейнелеп қоймай, келер ұрпақты қалыптастыруда маңызды және шешуші рөл атқарады. Адам баласының таным түсінігі толысқан сайын санада қалыптасқан ұғымды таныту деңгейі де кеңейе түсетіні белгілі. Ақиқат дүниенің кез – келген үзігінің денотаты мен жағдаяттары тіл арқылы санада таңбаланып сақталады және жұмсалады.

Тілді когнитивтік бағытта зерттеуші ғалымдардың пікірлері «тіл мен таным арақатынасы адамға қатысты мәселені шешумен түйінделеді» деген қорытындыға әкеледі. Лингвистердің басты мақсаты – тілдік құбылыстардың табиғатын жүйелі зерттеуді дамыту. Бұл бағыттың негізгі арқауы тілді сол тілде сөйлеуші халықтың рухани дүниесінің қалыптасуымен тығыз байланыста қарау болып табылады. Когнитивтік лингвистиканың жеке пән ретінде жоғары оқу орындарында оқытылуы оның жалпы тіл білімі мәселелерімен де, сондай-ақ жеке тіл білімі мәселелерімен тығыз байланысты жеке ғылым саласы ретінде танылуымен байланысты. Қазіргі таңда когнитивтік лингвистиканың тұжырымдамасы, өзіндік ерекшеліктері, ғылыми аспектілері, ғаламның тілдік бейнесі мәселесі бойынша оқу - әдістемелік құралдағы дәріс курсының мәтінін құрастыруда жалпы тіл білімінде ұлттық тілді онтологиялық зерттеудің түпқазығын зерттеген ғалымдар – В.Ф.Гумбольдт, И.Гендер, Г.Пауль, Г.Штейнталь, А.А.Потебня, Э.Сепир, Б.Уорф зерттеулері мен орыс ғалымдары М.Минский, В.А. Маслова, Е.С. Кубрякова, Ю.Н. Караулов, И.В. Черемисина, т. б.қазақ лингвистері Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, Қ. Жаманбаева, Б.Тілеубердиев, Э. Оразалиева, А.Б. Әмірбековалардың ғылыми тұжырымдарына сүйендік.

Бұл әдістемелік кешеннің негізгі мақсаты – студенттерге тіл біліміндегі танымдық теорияның ғылыми негіздерін меңгерту арқылы олардың ойлау қабілетін, қоршаған ортаны зерттеп – тану қасиетін, өзіндік ой – пікірін дәлелдеп жеткізе білу дағдысын жетілдіру, олардың дүниетанымын кеңейту.

№1- тақырып: Когнитивтік лингвистика-жеке ғылым саласы

Негізгі сұрақтары:

1. Когнитивтік лингвистиканың зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеттері.
2. Когнитивтік лингвистиканың жеке ғылым саласы ретінде қалыптасуы мен дамуы, өзіндік ерекшеліктері.
3. Когнитивтік лингвистикаға қатысты ғалымдардың пікірлері, тұжырымдары.

1.Когнитивтік лингвистиканың зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеттері

Когнитивтік ғылымның негізгі пәні – адам санасы мен оның технологиялық ойлауы.Бұл пәнаралық ғылым адам санасының белгілі бір жақтарын, ең алдымен оның жүйелі түрде ойлауымен және дүниені тану үдерістерімен байланысын зерттеуге арналған.

Когнитивтік лингвистика – тілдің танымдық теориясы мен танымдық қызметін зерттеп, адамзат білімінің түзілуі мен оның қызмет болмысын қарастырады.

Когнитивті лингвистиканың зерттеу нысанына сондай-ақ концептілер жатады. Олар концептілік жүйе құрап, өзіндік белгілермен ерекшеленетін концептуальды кеңістікті құрайды.

Когнитивтік лингвистика когнитивтік құрылымдарды қарастырумен қатар, адам санасында тілдік және тілдік емес білімдер жүйесінің құрылымын, сондай – ақ тілдік және тілдік емес ақпараттарды игеру, өңдеу, қолдану тәрізді әрекеттердің жүзеге асуын қарастырады. Тілдік таңба арқылы кодқа салынған ақпаратты ашып немесе ақпараттарды кодқа салу тәрізді әрекеттер когнитивтік лингвистиканың құзырына жатады.

2. Когнитивтік лингвистиканың жеке ғылым саласы ретінде қалыптасуы мен дамуы, өзіндік ерекшеліктері

Тіл біліміндегі жаңа ғылыми бағыттардың қайнар көзі, шығу арнасы Еуропада В.Гумьболдтың линго-философиялық тұжырымдамаларынан, ал Америкада Ф.Боас, Э.Сепир, Б.Л.Уорфтардың көзқарастарынан бастау алады.

Ресейлік филологиялық және тілтанымдық дәстүрді жалғастырушы Н.И.Толстой, Н.Топоров,В.В.Иванов, В.А.Аврорин, В.Н.Телия, В.В.Воробьев, А.Вежбицкая, Е.М.Верещагин,В.Г.Костоморов, Ю.С.Степанов,

А.Д.Арутюнова, В.М аслова т.б ғалымдардың зерттеулерінде ақиқат шындық болмыс, халық тарихы, ел тарихы, дүниетаным, рухани және материалдық мәдениеттің құрамдас бөліктерін құраушы ұлттық құндылықтар жүйесі тіл құрылымының танымдық астарымен,таңбалық сипатымен,тілдік бірліктердің ұлттық-мәдени семантикасымен тығыз байланыста сарапталады.

Когнитивтік лингвистика когнитивтік құрылымдарды және адамға қатысты үдерістерді, яғни жүйелі сипаттау және адамның тілді қабылдауын түсіндіру механизмін және осы механизмдердің құрылу ұстанымдарын қарастырады.

3.Когнитивтік лингвистикаға қатысты ғалымдардың пікірлері, тұжырымдары

Когнитивтік лингвистика лингвистикалық зерттеулердің шеңберін маңызды түрде күшейте түсетін қазіргі антропоцентристік парадигмалар шегіндегі когнитивизм негізінде туындайды [6, 9].

А.Маслова когнитивтік лингвистика нәтижеге жету үшін оның міндеттеріне ғаламды тану, ғалам туралы ақпарат алу, қайта өңдеу, білімді концептілеу, концептілер жүйесін суреттеу, ғаламның тілдік бейнесі мәселелерін жатқызады [6,25].

Е.С.Кубрякова когнитивтік лингвистика міндеттерін « есте сақтау, елестету, қабылдау, ойлау арқылы тілдік үдерістердің, тілдік бірліктердің және категориялардың арақатынасын зерттеу ретінде анықтап сипаттайды [10 ,32].

Когнитивтік лингвистиканың пәні – тіл мен сөйлеуде пайда болған нақты тұжырымдарды (концептілерді) білдіретін тілдік құралдарды (сөз, сөз тіркесі, мәтіндерді) зерттеу[11,93].

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Когнитивті лингвистиканың зерттеу нысанына, мақсаты мен міндеттеріне не жатады?
- 2.Когнитивтік лингвистиканың жеке ғылым саласы ретінде қалыптасуы мен дамуының өзіндік ерекшеліктерін неден көреміз?
3. Когнитивтік лингвистикадағы адамның рөлі мен маңызы қандай?
4. Когнитивтік лингвистика пәнін зерттеу нысанын айқындауға қатысты қатысты ғалымдардың пікірлері мен көзқарастары қандай ?

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

- 1.Жаманбаева Қ.Ә.Тіл қолданысының когнитивтік негіздері. – А.,1998
- 2.Кибрик А.А. Когнитивные исследования по дискурсу.// Вопросы языкознания,1994. – №5-126-139
3. Кубрякова Е.С, Демьянков В.З, Панкрац Ю.Г, Лузина Л.Г.Краткий словарь когнитивных терминов // Под общей ред. Е.С.Кубряковой. – М.: Наука., 1996.
- 4.Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері.Тілтаным., 2004, №1
- 5.Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. – М., 2003.

№2- тақырып: Когнитивтік лингвистиканың зерттелу тарихы

Негізгі сұрақтары:

1. Когнитивтік лингвистиканың пайда болуының алғышарттары, даму кезендері.
2. Тіл біліміндегі жаңа бағыттардың қалыптаса бастауы.
Кейбір тілдік теориялардың (Н.Хомский) тоқырауға ұшырау себептері.
3. Когнитивтік лингвистика бағытына қатысты алғашқы еңбектер мен зерттеулерге шолу.

1. Когнитивтік лингвистиканың пайда болуының алғышарттары, даму кезеңдері

Когнитивті лингвистика бірнеше факторлардың әсер етуінен пайда болды. Когнитивті лингвистиканың пайда болуына когнитивті психологияның да әсері болды. (Тіл біліміндегі психология жайында XIX ғ. А.А Потебня , Г. Штейнталь, В. Вундттың еңбегі бар). Когнитивті психология бұл кезеңде психолінгвистика объектісі тұрғысында қарастырылды.

Когнитивті лингвистиканың пайда болуына лингвистикалық семантиканың да әсері болды. Кейбір зерттеуші ғалымдар когнитивті лингвистиканы «семантиканың негізінен туындаған» деп топшылайды.

Когнитивті лингвистиканың даму кезеңдерін АҚШ-ғы «когнитивті грамматиканың» пайда болуынан да, сондай –ақ Ресей жеріндегі «когнитивті семантика» терминімен байланысты деген көзқарастар т.б.

Когнитивтік лингвистика алғашқыда нейролингвистика (жасанды интеллект және компьютерлік ғалымдар) аясында зерттелген. Зерттеу барысында ғалымдар оның адамзат баласының дүниетанымын, парасат - пайымын, ойлау деңгейін, тілдік бейнесін де қарастыратындығына көз жеткізген болатын.

2. Тіл біліміндегі жаңа бағыттардың қалыптаса бастауы. Кейбір тілдік теориялардың (Н.Хомский) тоқырауға ұшырау себептері.

Н.Хомский тіл мен таным үдерістерінің тоғыса байланысуын талдай келе, бұл қандай қандай ілімдер жиынтығы? Бұл ілімдер жүйесі адам санасында қалай пайда болды? – деген сұрақтарға жауап іздейді. Н.Хомский негізін қалаған фразалар мен сөйлемдерді құрастырудағы морфемаларды тіркестірудің жалпы ережелері тіл біліміне маңызды өзгерістер әкелген құнды тұжырымдар қатарында бағаланып, универсалды, кейде генеративті грамматика деп аталды.

Н.Хомскийдің грамматикасы адамның тіл туралы білімін оқып – үйренуге, оның тіл үйрену қабілетін зерделеуге арналды. Ол адамзат психикасының туа біткен құрылымына қайта оралу негізінде тілді қатаң алгоритмдік жүйе деп қарастырды.

Е.М.Панина: Лингвистикалық универсалийді зерттеудегі рационализм мен эмпиризм атты мақаласында универсалий табиғатын зерделеу бүгінгі күні екі бағыттың жүзеге асуы арқылы дамып отыр деп атап көрсетеді. Олар: 1) рационалистік бағыт; 2) эмпирикалық бағыт.

Біріншісі Н.Хомский негізін қалаған генеративті лингвистика аясында қалыптасса, екіншісі табиғи тілдердің типологиясын зерттеу барысында негізделді. Лингвистикалық рационализмнің маңызды алғышарттарын адамның сөйлеу әрекетін түсіндіруге мүмкіндік беретін адамзат психикасының туа біткен құрылымына қайта оралу, тілді қатаң алгоритмдік жүйе деп қарастыру, қажеттілікті тіл туралы білімді жинақтаудың өзегі ретінде тану, дедуктивті әдіс пен тілдік талдаудың формальді сипатын қолдану сияқты мәселелер құраса, эмпиризм үшін кез келген туа біткен білімдерді мойындамау, керісінше, зерттеу нысаны ретінде нақты тілдік тәжірибелер негізінде айғақталған фактілерге зейін қою, сөйтіп, индуктивті әдіске сүйену тән болып келеді деген қорытынды жасады. (15,18)

3. Когнитивтік лингвистика бағытына қатысты алғашқы еңбектер мен зерттеулерге шолу

«Когнитивті грамматика» термині 1975 ж. Дж.Лакофф пен Г.Томпсонның «Когнитивтік грамматиканы ұсынамыз» атты мақаласында қолданылған. 1987 ж. Р.Лангакердің алғаш «Когнитивті грамматика негіздері» атты еңбегінің I томы жарыққа шықты.

XX ғ. 90 ж. басында шетелдік когнитивтік лингвистика жеке дара зерттеу бағдарламалары, сәл ғана байланысы бар немесе мүлдем байланысы жоқ салалардың қатынас бірліктерін зерттейді. Бұл зерттеу бағдарламалары бойынша Дж.Лакофф, Р.Лангакер, Т.Ван-Дейк, Дж.Хейман т.б. жұмыс жасады.

1990 ж. орта шенінде Еуропада алғаш рет когнитивті лингвистика оқулықтары шыға бастады. Ф.Унгерер мен Х.И Шмидтің «Когнитивті грамматикаға кіріспе»,(1996 ж), Б. Хайне «Грамматиканың когнитивті негіздері» (1997 ж.).

Орыс тіл білімінде когнитивті грамматика ұғымы В.И Герасимованың (1985 ж) мақаласында беріледі.

Оның қалыптасуына маңызды үлес қосқан еңбектер В. Виноградовтың «Программа понимающая русский язык». (1976 -1972 ж.ж), Р. Шенканның бірлесіп жазған «Обработка концептуальной информации»- (1975-1980 ж.ж), жазылған т.б. еңбектер маңызды рөл атқарды. Кеңес одағы кезінде «Новое в зарубежной лингвистики» еңбегінің XXIII жарыққа шықты. Бұл еңбек тілдің когнитивті аспектілеріне арналып жазылған .

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1.Когнитивті лингвистиканың зерттелу тарихы туралы не білеміз?
2. Когнитивтік лингвистиканың пайда болуының алғышарттары, даму кезеңдері жайлы не білеміз?
3. Кейбір тілдік теориялардың (Н.Хомский) тоқырауға ұшырау себептері неден көрінеді:
4. Когнитивтік лингвистика бағытына қатысты алғашқы еңбектер мен зерттеулерге шолу.

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

- 1.Жаманбаева Қ.Ә.Тіл қолданысының когнитивтік негіздері.-А.,19987
- 2.Кибрик А.А. Когнитивные исследования по дискурсу.// Вопросы языкознания,1994.-№5.
3. Кубрякова Е.С, Демьянков В.З, Панкрац Ю.Г, Лузина Л.Г.Краткий словарь когнитивных терминов // Под общей ред. Е.С.Кубряковой. – М.: Наука., 1996.
- 4.Ларин Б.Эстетика слова и язык писателя.-Л.,1974.
- 5.Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері.Тілтаным., 2004.№1.
- 6.Маслова В.А. Когнитивная лингвистика.-М., 2003.
- 7.Маслова В.А. Лингвокультурология.-М., 2001.
8. Chomsky N. Aspects of the Theory of Syntax.- Cambridge, MA:M. I.Press6 1965.
- 9.Минский М. Фреймы для представления знаний.-М., 1979.

10. Бабушкин А.К. Типы концептов в лексико – фразеологический семантике языка их личная и национальная специфика. Дис... док филиал, наук. Воронеж, 1998.
11. Демьянков В.З. Когнитивизм, когниция, язык и лингвистическая теория. // Язык и структуры представления знаний. – М., 1992.
12. Кубрякова Е.С. Размышления о судьбах когнитивной лингвистики на рубеже веков // Вопросы филологии. – 2001. - №7.
13. Попова З.Д., Стернин И.А. Понятие смысла в современной лингвистике. Воронеж, 2001.
14. Ребер А. Большой толковый психологический словарь. Т.1. М., 2003.
15. Панина Е.М. Рационализм и импиризм в исследованиях лингвистических универсалий // Вестник Московского университета. Серия 7. философия. №5, 2001.

№3-тақырып: Когнитивті лингвистиканың қазақ тіл біліміндегі алатын орны.

Негізгі сұрақтары:

1. Ахмет Байтұрсыновтың таным негіздеріне қатысты ой тұжырымдары мен көзқарастары.
2. Мағжан Жұмабаевтың тіл, ой, сана арқылы адамзаттың даму үдерісін сипаттауы.
3. Құдайберген Жұбановтың тіл адамды, өмірді зерттеп танудың көрсеткіші екендігі жөніндегі пікірлері.
4. Қазіргі кездегі когнитивтік лингвистиканың дамуы жайлы ғылыми еңбектерге шолу.

1. Ахмет Байтұрсыновтың таным негіздеріне қатысты ой тұжырымдары мен көзқарастары.

Ахмет Байтұрсынов қазақ тілінің мүмкіндігін жаңа арнаға бағыттаумен қатар, жалпы тілдік құралдарын танымдық сатыларын адамның физиологиялық болмысымен, ұлттық халықтың дәстүрімен ұштастыра білді. Орынборда 1914 ж. шыққан «Тіл құрал» атты еңбегінде «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі...» дей келе, «Тіл – құрал» деген қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, өйткені бұл – қазақта бұрын болмаған жаңа зат деген автордың пікірін тіл – ойлау – таным – мәдениет арасындағы байланыс мәселесіне қатысты ой-тұжырымдарының бастамасы деуге болады.

А. Байтұрсынұлы сөзді қолданудағы тұлғаның танымында болатын объективті үдеріс өзектендіруді анық байқаған: Сөздің дұрыс, таза, анық, дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекті болуын да керек қылады. Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ. Сондықтан адам сөйлегенде, сөзі толық түсінікті болуы үшін, дерексіз заттарды деректі затша, пернесіз заттарды пернелі затша қалыптайды. Жансыз затты жанды заттай ғамалдайды.

2. Мағжан Жұмабаевтың тіл, ой, сана арқылы адамзаттың даму үрдісін сипаттауы.

XX ғасырдың 20-30 жылдарында педагогика, психология саласында өзінің соны да сындарлы пікірлерімен көрінген ағартушы, ақын, жазушы, аудармашы Мағжан Жұмабаевтың орны ерекше. Ағартушы Мағжан Жұмабаев «Педагогика», «Бастауыш мектепте ана тілі», «Сауатты бол» т.б. оқулықтарын жазды.

Мағжан «Тәрбиядан мақсұт – адамды һәм сол адамның ұлтын, аса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу ұлт мүшесі әрбір адам бақытты болса, ұлты бақытты» деп бала тәрбиесі мен ұлт мәселесін, ұлт тағдырын алға тартып отырады. Жан, яғни психика құбылыстары, соларға негізделген бала тәрбиелеудің жолдары, ғылыми негіздеріне де тоқталады.

Жан көріністерін былайша топ–топқа бөледі: білу яки ақыл көріністері, ішкі сезім, яки көңіл көріністері, һәм қайрат көріністері. Біз бір заттың яки көріністің сынын белгілейміз, заттар яки көріністер арасындағы байламды, яки айырманы табамыз. Бұл – ақыл ісі. Біз қайғырамыз, қуанамыз. Бұл – ішкі сезім ісі. Біз бір істі істемекші боламыз, бір мақсатқа жетпекші боламыз. Бұл – қайрат ісі». Ғалым «суреттеулерді жоғалтпай сақтай білуі ес деп аталады». Осылай деп есті төмендегі түрлерге бөледі: 1) көру есі, 2) есту есі; 3) қозғалту есі яки мотор есі. Осы естің түрлері сөйлеу әрекетінің механизмдерінің бірлігі: қысқа мерзімдік (оперативтік) және ұзақ мерзімдік есте сақтау қабілеті, ықтималдылық, болжау, ұғыну, ойлау тұрғысынан түсіндіріледі.

3. Қ.Жұбановтың тіл адамды, өмірді зерттеп–танудың көрсеткіші екендігі жөніндегі пікірлері.

1936 жыл Қ.Жұбановтың аса мол жемісті жылдарының бірі болды. Бұл жылы оның «Қазақ тілінің грамматикасы I бөлім. Жалпы морфология» деп аталатын кітабы жарыққа шықты. Осы еңбегінде ғалым: «Адам баласының табиғатында әуелі басқаны біліп алып, өзін кейіннен білу қасиеті бар ... Ежелгі дәуір адамдарының алдымен өзінен басқа заттарға ат қоятыны өзін сол басқаларға ұқсата атайтыны – өз басын кіші дүние деп біліп, оны ана үлкен дүниеге ұқсатуынан болған. Осы таным тілге де әсер еткен...»,- деп тұжырымдау арқылы тіл мен таным байланысы негізіндегі танымдық мәнбілерге ерекше мән берген.

Білім аясы кең, қазақ тілінің шын жанашыры болған Қ.Жұбановтың қаламына әдеби тіліміздің даму мәселелері де үйірілмей қалмады. Бұған бір–екі мақаласы куә. Оның бірі – «Абай қазақ әдебиетінің классигі». Бұл еңбегі аяқталмай қалған. Ол -Абай туралы жазылған тұтас кітаптың үзіндісі.

Қ.Жұбанов ұлы ақынның әдебиеттегі, қазақ әдеби тіліндегі орнын көрсетуді қолға алады да, мынадай тың пікірлерді айтады.

«Абайдың ақындығын былай қойып, тек әдеби тілімізді жасаудағы еңбегінің өзін алсақ та, онда ақымыз кететін түрі жоқ», өйткені Абай жалғыз қазақ емес, бүкіл Орта Азия «Күн Шығыс ислам мәдениетінің кірлі көрпесін қалың жамылып, көнерген қалыптан шыға алмай, әдебиет маңдайын жаңа арнаға бұра алмай араб–парсы өлең өлшеуінің қаңсығы таңсық көрінген» XIX ғасырда бірінші болып, сол араб–парсышылдықтан, шағатайшылдықтан бас

тартып, таза халық тілімен жазып, ол жазғанын классик әдебиет үлгісінде шығарған адам, – дейді. Міне – Абайға берген Қ.Жұбановтың бағасы осы.

3.Қазіргі когнитивтік лингвистиканың дамуы жайлы ғылыми еңбектерге шолу.

Кейінгі онжылдықтар белесіндегі зерттеулер этносты, ұлт мәдениетін тіл арқылы анықтауды негізгі қағида етеді (Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, Р.Сыздық, Н.Уәли, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, Қ.Жаманбаева т.б.). Нақты айтқанда, тілді тұтынушы ұлтты алғашқы орынға қоятын лингвистикадағы антропоцентристік парадигма өз аясында жаңа бағыттарға жол ашуда.

Осы саладағы іргелі еңбектердің бірі 1998 жылы жарық көрген Қ.Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивті негіздері: эмоция, символ, тілдік сана» атты монографиясында «тілдік сана құрылымын», «гештальт теориясын» түсіндіреді.

Келесі еңбектің бірі - Ә.Әмірбекованың «Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М.Мақатаев поэзиясы бойынша)» атты диссертациясы. Ғалым өз жұмысына концептілік құрылымдарға және ақын М.Мақатаевтың танымдық болмысын «Өмір» концептісінің негізінде талдау жасап, «Көркемдік сана», «Когнитивтік модель», «ассоциация», «бейне» т.б. ұғымдарға поэтикалық мәтіннен мысалдар келтіре отырып саралады.

2007 жылы Э.Н.Оразалиеваның «Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы» атты монографиясы жарық көріп, зерттеуші өз еңбегінде қазақ тіл біліміндегі когнитивтік бағыттың қалыптасуы, дамуы алғышарттарын ғылыми теориялық тұжырымдарға сүйене отырып қарастырады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Тілтану» ұғымының қалыптасу парадигмасын қалай топтастыруға болады?
2. А.Байтұрсыновтың таным негіздеріне қатысты ой-тұжырымдары мен көзқарастары туралы не білесің?
3. М.Жұмабаевтың еңбектерінде тіл, ой, сана арқылы адамзаттың даму үдерісін сипаттауы қалай көрінеді?
4. Қ.Жұбановтың тіл адамды, өмірді танудың көрсеткіші екендігі жөніндегі пікірлері қандай?
5. Қазіргі кездегі когнитивтік лингвистиканың дамуы мен қалыптасуына қатысты қазақ ғалымдарының қандай ғылыми еңбектері мен диссертациялары бар?

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А.Тіл тағылымы,-А,1992.
2. Жұбанов А.Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер,-А,1966.
3. Аманжолов С.Қазақ тілі теориясының негіздері,2002.
4. Жұмабаев М.Психология,1993.
5. Аймауытұлы Ж.Жан жүйесі мен өнер таңдау,-А,1993.
6. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы, «Ана тілі», 1992.
7. Оразалиева Э.Когнитивтік лингвистика:қалыптасуы мен дамуы,-А,2007.

№4-тақырып: Когнитивтік лингвистиканың басқа ғылымдармен байланысы.

Негізгі сұрақтары:

1. Тілдің универсалды табиғаты және когнитивтік лингвистика.
2. Психолингвистика және когнитивтік лингвистика.
3. Этнолингвистика және танымдық тіл білімі.
4. Лингвомәдениеттанымның когнитивтік лингвистикамен байланысы.

1. Тілдің универсалды табиғаты және когнитивтік лингвистика.

Антропоцентристік парадигма өз шеңберінде лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, лингвопсихология сияқты жаңа бағыттарға жол ашады. Антропоцентристік бағыттағы зерттеулер төмендегідей когнитивтік құрылымдарға ерекше мән береді: қабылдау, ойлау, тіл, есте сақтау т.б.

Адамның тілге, тілдің адамға өзара ықпал етуінен туындаған осы салалардың әрқайсысының өзіндік зерттеу нысаны, тәсілдері, қолданылу аясы бар. Қазіргі тіл білімінде әлеуметтік лингвистика (тіл мен қоғам арақатынасын зерттейтін сала), психолингвистика (индивидтің тұлғалық мінез-құлқы мен ұғымды қабылдау, оны санада өңдеу қасиеттерінің тілде көрініс табуы), лингвомәдениеттану (тіл мен мәдениеттің өзара қатынасы негізінде ұлт мәдениетінің тілде сақталуы, тілде көрініс табуы, тіл арқылы ұлтты, оның мәдениетін таныта білу ерекшеліктері), этнолингвистика (тілдегі ұлттық бірліктердің мазмұны мен мәнін ұлттың тарихынан, халықтың рухани мәдениетінен, халықтың менталитетінен, халықтың шығармашылығынан іздеу) салалары тілді антропологиялық бағытта қарастыруда.

2. Психолингвистика және когнитивтік лингвистика.

Ғалым-лингвист Дж. Кесс психолингвистика дамуында төрт негізгі кезеңді атап көрсетеді: қалыптасу кезеңі, лингвистикалық кезең, когнитивтік кезең, когнитивтік ғылымының ағымдық кезеңі.

Алғашқы кезең үшін структурализм мен бихевиоризм идеяларының әсері тән болса, екіншісі лингвистика мен психолингвистикадағы трансформациялық туындатушы (порождающей) грамматиканың басым болуымен байланысты. Когнитивтік кезең Н.Хомский жариялаған грамматиканың негізгі қызметінен бас тартып, оның семантикамен, ал тілдің – тілді меңгеру мен пайдалану үрдісіне қатысатын басқа да когнитивтік және жүріс-тұрыстық жүйелерімен байланысты.

Соңғы онжылдық ішіндегі психолингвистикалық еңбектерді талдай келе, психолингвистиканың когнитивтік психология, когнитивтік лингвистика, жасанды интеллект, сонымен қатар, прагматика саласындағы зерттеулердің ортақ мәселені қарастыратынын байқауға болады.

Психолингвистикалық бағыт бойынша адамның белгілі бір ұғымды қалай қабылдайтынын, сол ұғымды танытуда санадағы ақпараттарын қалай қолданатынын анықтауға болады. Психолингвистикада сонымен қатар салғастырмалы әдіске сүйене отырып, әрбір ұлттың аффективті тіл бірліктерін, эмоционалды ұғымдарын, тіліндегі экспрессивтік ерекшеліктерін нақтылап көрсетуге болады.

3. Этнолингвистика мен когнитивтік лингвистикамен байланысы.

Этнолингвистика – этнос болмысын оның тілі арқылы танып-білу мақсатынан туындаған тіл білімінің жаңа да дербес саласы. Тілдік фактілердің табиғатын жан-жақты ашуды мақсат еткен қазіргі ғылыми парадигманың бағыты – тілді тұтынушы адам мәселесі. Осы орайда академик Ә.Т.Қайдар ұлттық дүниетанымдағы дүниенің тілдік бейнесін ашу үшін табиғат – адам – қоғам макрожүйелерін басшылыққа алудың көкейкестілігін, әрі солардан туындайтын макроконцептілер көмегімен дүние бейнесі толымды болады деген ой астарын танытады [6].

Қазақ тіл білімінде алғаш рет «этностық таным» мәселесін көтере отырып, Ә.Қайдар халық пен тіл ұғымдарының ортақ мүддесін «этностың шығу тегін, қауым ретінде қалыптасу үдерісін ғана емес, сонымен қатар оның тілінде қалыптасқан деректер арқылы болмысын (яғни рухани, мәдени өмірін, салт-дәстүр, тіршілік-тірлік көздерін, ұлттық дүниетаным мен менталитетін т.б.) паш ете білумен сабақтастырады.[7].

4. Лингвомәдениеттанымның когнитивтік лингвистикамен байланысы.

Когнитивтік лингвистика адамның менталитетімен, білімімен байланысты болса, лингвистикалық мәдениеттану мәдениет пен тілдің арақатынасына көңіл бөледі. Лингвомәдениеттану тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттейді. Оның негізі мақсаты – халықтың ойлау ерекшелігі мен оның мәдениетін тіл арқылы ашу. Тіл мен мәдениеттің ажырамас бөлігі, әрі ол лингвомәдениеттануда рухани болмыс ретінде танылады, яғни, тілде ұлттың дүниетанымы, әдет – ғұрпы, дәстүрлері, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктері – рухани өмірі көрініс табады. Когнитивтік лингвистика адамның менталитетімен, білімімен байланысты болса, лингвистикалық мәдениеттану мәдениет пен тілдің ара қатынасына көңіл бөледі.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Тілдің универсалды табиғаты және когнитивтік лингвистиканың өзара байланысы жайлы не білеміз?
2. Психолінгвистика мен когнитивтік лингвистиканың байланысы неден көрінеді?
3. Этнолингвистика және танымдық тіл білімінің зерттейтін ортақ мәселелері қандай?
4. Лингвомәдениеттанудың когнитивтік лингвистикамен өзара байланысы неде?

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

1. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы, -А, 2007.
2. Ақбердиева Б. Когнитивтік лингвистика, -А, 2009.
3. Елемесова Ш. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары. фил. ғыл. кан. дисс. Алматы, 2003 .
4. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері . А., 1998.
5. Қайдаров Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. -А., 1998.
6. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. (салыстырмалы-салғастырмалы лингво-мәдени сараптама): филол. ғыл. док. дисс. –Алматы, 2004. -228 б.

№5- тақырып: Когнитологияның жеке тармақтары

Негізгі сұрақтар:

1. Когнитивтік психологияның зерттеу нысаны.
2. Когнитивтік әлеуметтанудың қарастыратын мәселелері.
3. Когнитивтік антропологияның зерттеу нысаны.
4. Когнитивтік семантиканың негізгі мәселелері.

1. Когнитивтік психологияның зерттеу нысаны.

Когнитивтік психологияның зерттеу нысанын білімнің құрылымы мен адамның ойлау әрекеті құрайды. «Когнитивтік психология» деген терминді 1967 жылы У.Найсер ұсынды. Психологияның танымдық бағыты субъектілердің қабылдау, ойлау, тану, пайымдау, түсіну әрекеттерін жан-жақты талдау негізінде адамның ішкі, көзіне көріне бермейтін әрі нақты механизмдер мен үдерістер арқылы емес, сана, жады қызметтерінің көмегімен бақыланатын мәселелерді шешуге бағытталды.[4].

Когнитивтік психология («тіл білімінде психологизм» туралы) дегеніміз – адамдардың дүние, әлем, қоршаған орта жайлы ақпаратты қалай ұғынады, ақпараттың еске сақталып білімге айналуы мен осы білімдердің біздің зейініміз бен жүріс-тұрысымызға тигізетін әсерін зерттейтін психологияның бір саласы.

Когнитивтік психология мен когнитивтік лингвистиканың қарастыратын ортақ мәселелері: жады ішкі сөздік қор сөйлеу, әрекетін туғызу мен қабылдау.

3.Когнитивтік әлеуметтанудың қарастыратын мәселелері.

Когнитивтік әлеуметтану әлеуметтік тіл білімі мен когнитивтік лингвистика ғылымдарының қалыптасып дамуына ықпал жасады. Бүгінгі таңда әлеуметтік лингвистика тілдің әлеуметтік табиғаты мен қоғамдық қызметін, әлеуметтік фактордың тілге әсер ету тетігін, қоғам өміріндегі тілдің атқаратын қызметін зерттейтін ғылым. Когнитивтік әлеуметтану дегеніміз – жеке адамдар мен топтардың ойлау әрекетінде қалыптасатын,оның алатын әлеуметтік ерекшеліктерді зерттейтін ғылым саласы. Бұл бағыттағы алғашқы еңбек 1973 жылы А.Сикурелдің дайындауымен жарық көрген.1997 жылы саясаттанушы Е.Зерубавел «Когнитивтік әлеуметтануға шақыру» атты жұмысында когнитивтік әлеуметтанудың синхронды негіздерін анықтау мақсатында төмендегідей мәселелердің зерттелу қажеттігін атады: жеке тұлғалардың ойлау әрекетіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды түсіндіру, әлеуметтік конвенцияларға талдау жасау, хабарды қабылдау барысында байқалатын әлеуметтік шарттарға назар аудару, жеке субъективті мәселелерге қатысты анықталатын талғам ұғымының анықтамасы, ерекшелігі, мағына мен мазмұн ұғымдарының типологиялық және құрылымдық негіздерін оқып үйрену, аса құнды және қажет оқиғаларды, құбылыстарды не болмаса үдерістерді жадыда сақтаудың әлеуметтік ұстанымдарын зерттеу, уақыт, заман, қоғам мәселелерінің әлеуметтік даму шарттарын саралау [10,1].

4. Когнитивтік антропологияның зерттеу нысаны.

Антропология – адамның биологиялық табиғатын зерттейтін ғылым. Ғасырлар тоғысында адам ғылыми зерттеулердің ең өзекті мәселесіне айналды. Қазіргі тіл білімінде негізгі ұстанымдардың бірі антропоцентризм болып табылады, яғни антропоцентризм ұстанымы ғылыми ізденістерге жетекші бола бастады.

Тілді антропоцентристік тұрғыдан зерттеуге негіз болатын бұл салалардың барлығы түптеп келгенде, мынадай мәселелерді шешуді көздейді: адамның тілге қалай ықпал жасайтынын анықтау және тілдің адам санасына, ойлауына, мәдениетіне қалай әсер ететінін, қандай қызмет ететінін анықтау т.б. Тілді зерттеудің антропоцентристік бағыты тіл біліміндегі адамның тілдік факторы мәселесін, тілдің адамға қызмет ету мәселесі, тіл арқылы адамның табиғаты мәселесін ашумен тікелей байланысты.

5. Когнитивтік семантиканың негізгі мәселелері.

Когнитивтік лингвистиканың негізі толық қаланып болмаса да, бүгінгі таңда бір жағынан онда көбінесе когнитивтік грамматика, когнитивтік лексикология айқындалса, екінші жағынан, семантика саласында когнитивтік фактілердің түрлі варианттары – прототиптік семантика, концептуальды семантика, фреймалық семантика, процедуралық семантика орын алады.

Сонымен тілдік құрылымдарды зерттеуде шешуші мәселе – бұл шетел лингвистикасындағы жаңа семантикалық бағыт болып табылатын – «когнитивтік семантиканың» пайда болуы. Когнитивтік семантика – бұл толық семантикалық мағынаның ситуацияны қабылдаудың нақтылық деңгейі, фондық болжаулар мен белгілі бір көрініске қатысты нақты бірліктерді таңдау және ойды (пікірді) таңдау. Когнитивтік лингвистикадағы сөз мағынасымен семасиологиядағы сөз мағынаны ажыратудың қазіргі тіл білімі үшін маңызы зор. Когнитивтік лингвистикада мағына семасиологиядағыдай сөз мазмұны ретінде көрінбейді. Когнитивтік семантикада мағына когнитивтік модельдің ерекше «қорытындысы» ретінде көрінеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Когнитивтік психологияның зерттеу нысанына не жатады?
2. Когнитивтік әлеуметтану дегеніміз не?
3. Когнитивтік антропология нені қарастырады?
4. Когнитивтік семантика зерттеу нысанына не жатады?

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

1. Маслова. В.А. Когнитивная лингвистика: учебное пособие. – Минск: Театра Системе, 2004.
2. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы; Алматы, 2007.
3. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – А., 1998.
4. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері. – Тілтаным, А., 2002., №4.

№6- тақырып: Когнитивизм және когнитология.

Негізгі сұрақтары:

1. Когнитивизм ғылыми бағытының алғашқы нышандары.
2. Когнитивизмнің ғылыми негіздері, оның қазіргі тіл біліміндегі орны.
3. Когнитивтік лингвистиканың когнитологияның құрамында, оның жеке ғылым саласы ретінде дамуы.

1. Когнитивизм ғылыми бағытының алғашқы нышандары.

Бүгінгі таңда тіл біліміндегі когнитивтік бағыт тілдік мәселелерге мүлде өзге қырынан келуді алға тартып отыр. Когнитивизм саласы ғылымның философия, логика, лингвистика, психология, мәдениеттану, интеллект сияқты бірнеше салалардың басын тоғыстыру арқылы тілдік мәселелерді шешуді ұсынады. Осының салдарында тілді «өз ішінде және өзі үшін» қарастыратын зерттеулер жеткіліксіз болып, оны ой-санамен тығыз байланыста қарастыру қажеттігі туындап отыр. Демек, бұл адамды тіл арқылы және керісінше, тілді адам арқылы анықтау.

Когнитивизм ғылымының құрамына енетін когнитивтік лингвистика адамның дүниетанымы туралы ғылым. Когнитивизм негізінен адамзаттық когнитацияны зерттейді. Адамның когнитивті дүниесі оның ойлау әрекетінен көрінеді десек, сол әрекетті танытатын негізгі белгі оның тілі болып табылады. Тіл – адамның қабылдаған ақпаратын өңдеп санада реттелген нәтижесін көрсететін құрал.

Когнитивизмнің зерттеу нысаны- когнитивтік тіл білімі когнитивизм ғылымымен тікелей байланысты. Оның зерттейтін нысаны – адамзаттық когниция екендігі, ол – ақиқат дүние туралы санада қалыптасқан білімді ішкі рухани танымы мен моделі арқылы, заңдылығын, теориясын зерттейтін ғылым. Когнитивтік лингвистикада когниция ұғымына ерекше назар аударылады. Когниция – адам санасындағы білім арқылы көрініс табатын ақпараттар жүйесі. Адам баласына дүниедегі мәліметтердің лингвистикалық арналар арқылы жетуі адамды концепт әлеміне жетелейді.

2. Когнитивтік лингвистиканың когнитологияның құрамында, оның жеке саласы ретінде дамуы.

Когнитивистика – адамзат ойлауын зерттейтін пәндер тобының атауы. Бұл термин ғылымдар бірлестігіне қатысты, әрі жалпы термин, өзіне бұрын-соңды салыстырылмаған, оның ішінде когнитивтік психология, гносеология, лингвистика, компьютерлік ғылымдар, жасанды интеллект теориясы, математика мен нейропсихологияның зерттеу қырларын енгізеді [2].

Когнитология – адамның ақпаратты пайдалану, жинақтау, игеру үрдісін, сондай-ақ білімді концептуальды ұйымдастыру жолдары мен білімді көрсету құрылымын зерттейтін ғылым [4,78].

Когнитивизм қағидасын ғылыми негіздеп, нақты тілдік деректер арқылы дәлелдеуге когнитивтік лингвистика, когнитивтік психология, мәдени антропология, жасанды интеллектінің модельденуі, философия, нейрология салалары негіз бола алады.

Қазіргі таңда білімге сүйеніп әрекет ету, тану, оны сақтау, іздеу, өндеу сияқты компьютерге сүйенген өзекті міндеттерді, ғылымның алға қойған басты мәселелерін инновациялық технологияны жетілдіру арқылы шешуде когнитологияның мәні ерекше.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Когнитивизм нені зерттейді?
2. Когнитивизмнің зерттеу нысанына не жатады?
3. Когниция немесе когнитивтік әрекеттер дегеніміз не?
4. Когнитологияның қарастыратын мәселелеріне не жатады?

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

1. Маслова. В.А. Когнитивная лингвистика: учебное пособие. – Минск: Театра Системе, 2004.
2. Оразалиева Э, Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы; Алматы, 2007.
3. Садирова К. Тілді зерттеуді когнитивтік тұрғыдан түсіндірудің кейбір мәселелері./ Тілтаным, 2007, №1.
4. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998ж.
5. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері. – Тілтаным, Алматы, 2002ж. - №4

№7 - тақырып: Тіл – ойлау мен таным құралы, ойлау мен таным үдерістерінің өзара байланысы.

Негізгі сұрақтары:

1. Тіл – ойлау мен таным құралы.
2. Ой мен сана әрекеттері, олардың тіл арқылы көрінісі.

1. Тіл – ойлау мен таным құралы, ойлау мен таным үдерістерінің өзара байланысы.

Ғаламдағы заттар мен құбылыстарға атау берумен қатар, олардың ерекшелігін танып білуде таным үдерісінің екі жолы мен оның қызметін зерттеушілер былайша түсіндіреді.: «Таным үдерісінің негізгі екі жолы бар. Біріншісі – сезім түйсіктерінің қызметі арқылы тану болса, екіншісі – ойлау арқылы жүзеге асатын логикалық таным. Бұл жолдың екеуі де бір – бірімен тығыз байланысты және бірін – бірі толықтырып байытып отырады. Егер алғашқысы біздің санамызға заттың на құбылыстың жалпы сыртқы пішіні мен ерекшеліктері туралы мағұлмат берсе, ойлау қабілетінің қызметі арқылы біз сол заттың қоғамдық не табиғи болмысын таным дәрежесіне көтереміз» - деп таным үдерісінің күрделі құбылыс екенін Ә.Қайдаров атап көрсетеді.

Тіл білімінде танымдық бағыттың бастау көзі ғалымдардың атасы саналатын Аристотель, Платон, Әл-Фараби еңбектеріндегі тіл философиясынан алады. Мәселен, ғұлама ойшыл Платон «Кратиль» атты философиялық еңбегінде: «белгілі затқа таңылған атаулардың көмегімен қоршаған ортаны тану танымдық құрылымның төменгі сатысын ғана құрайды, ал бұл жүйенің ең

жоғарғы сатысы тілдік құрылымдар арқылы көрініс табады» - деп, тілдің таным құралы екендігіне ерекше көңіл бөлген.

2. Ой мен сана әрекеттері, олардың тіл арқылы көрінісі.

Адам қоршаған ортаны ой қабілеті арқылы танып біледі. Ал тіл ой қызметін бейнеге, модельге түсіреді. Адамзат баласының шындық болмысты танып білуі барлық халықта бірдей екендігі анық. Яғни таным – түсінік арқылы емес, ми қызметі арқылы жүзеге асады. Ми қызметі арқылы адам дүниені таниды. Ал осы танымның нәтижелері тілдік таңбалар арқылы тілден көрініс табады. Олай болса, тіл – ойлаудың құралы, ал ойлау, яғни таным – шындық дүниенің бейнесі. Тіл мен сана және тіл мен ойлаудың байланысы жөніндегі мәселе – лингвистиканың философиялық негізі, ең үлкен мәселесінің бірі.

Танымның жоғары сатысы болып табылатын психикалық үдеріс – ойлау сезімдік танымға негізделеді, санадағы бейнелерге сүйенеді. Дүниедегі құбылыстарды жекеленген фактілерді қабылдай отырып, адам оларды ойша өңдейді, олардың әрқайсысының мәнісі мен қасиетін, өзара байланысын танып біледі. Осылайша дүниедегі заттар мен құбылыстар адам санасында сәулеленеді, зерделенеді, олар туралы ұғым пайда болады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Тіл білімінде танымдық бағыттың бастау көзі неден басталады?
2. Тіл – ойлау мен таным құралы, ойлау мен таным үдерістерінің өзара байланысы қалай көрінеді?
3. Ой мен сана әрекеттері, олардың тіл арқылы көрінісі жайлы не білесіз?

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

1. Маслова. В.А. Когнитивная лингвистика: учебное пособие. – Минск: 2004.
2. Оразалиева Э, Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы; А., 2007ж.
3. Гумбольдт. В. Избранные труды по языкознанию. Пер с нем. – Москва, 2000г.
4. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998ж.
5. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері. – Тілтаным, Алматы, 2002ж. - №4.

№8- тақырып: Тілдік таным және ғаламды зерделеу

Негізгі сұрақтар:

1. «Ғалам бейнесі», «ғаламның тілдік бейнесі», «ғалам моделі» ұғымдары туралы түсінік..
2. В.фон Гумбольдтың «тілдік әлемді қабылдау» тұжырымдамасының «аралық әлем және ғаламның тілдік бейнесі» деп қарастырылуы.
3. «Ғалам бейнесінің вербальдық сипатына қатысты ғалымдардың тұжырымдары.

1.«Ғалам бейнесі», «ғаламның тілдік бейнесі», «ғалам моделі» ұғымдары.

«Ғаламның тілдік бейнесі» ұғымдары туралы түсінік.

Ғаламның тілдік бейнесінің философиялық мәнін түсінуге арналған теориялық еңбектерде (Степанов Ю,Булыгина Т.А.,Шмелев А.Д., Караулов Ю.Н.,Кубрякова Е.С,) ғаламның тілдік бейнесінің түрлі белгілері көрсетіледі.Оның іргелі белгісінің бірі ретінде идиоэтникалық жүйесі аталады.

«Ғаламның тілдік бейнесі» күрделі ұғымдық құрылым болғандықтан, табиғатын ашып түсіндіруді әр зерттеуші өзіндік тұрғысынан шешеді.

Ғаламның тілдік бейнесі дегеніміз – адамды қоршаған объективті шындық. Ол танымға тәуелсіз өмір сүреді. Ал табиғи тіл біздің ғалам туралы біліміміз толық қамтып бейнеленген негізгі форма.

Көптеген ғылыми еңбектерде ғалам бейнесі ғаламның тілдік бейнесінің орнына қолданыла береді. Мәні бойынша бұл екі ұғым, екі нәрсе болғандықтан ажыратып қолдану қажет. «Ғаламның тілдік бейнесі» термині философия мен логикада Л.Витгенштейн енгізген. Қоршаған шындық болмыстың адам тілінде бейне құрап, адамның дүниені, әлемді көзі, тілі арқылы тани алатынын тұтас теория ретінде алғаш ұсынып, антропология, семиотика, лингвистикаға енгізген неміс ғалымы Л.Вайсгербер болатын. Ол мұны «ғаламның тілдік құрылуы» деп атады. Ғаламның тілдік құрылуы деп туған тілдегі барлық әрекет ететін бағытталған рухани энергия түсініледі, онда тілдік бірлестік арқылы ғаламның қайта құрылуы жүзеге асырылады.

Когнитивтік ғылым мен жасанды интелектінің маңызды ұғымы «ғалам моделі» немесе «когнитивтік моделмен» тікелей байланысты. Ғалам моделі – концептуалды табиғатқа ие құрылым. Ғалам моделінде субъектінің ақиқат шындық туралы түсініктері, нақты деректер, оқиғалар туралы концептуалды білім тіркелді.

1. В.фон Гумбольдтың «тілдік әлемді қабылдау» тұжырымдамасының «аралық әлем және ғаламның тілдік бейнесі» деп қарастырылуы.

«Адамның ойлау қабілеті тек тілдік базада көрінді» деген тұжырым – тілші В. Фон Гумбольдттан бастау алған ғалымдар мен философтардың ортақ танымы.Оның пікірінше, тіл – адамзаттың бүтін болмысы мен танымына енетін адами рухтың негізгі қызметі [2].

В.фон Гумбольдтың түсіндіруінше, әрбір жеке тіл – ұлттың тілдік санасында қалыптасқан нәтижесі, сол себепті тілдің қызметі қандай деген мәселеге, оның ішкі өмірінің қалай дамығанын, ұлттың рухани күшін, оның өзіндік ерекшелігін түсінбейінше, жауап беру мүмкін емес. Тіл мен рухани күштер бір-бірінен бөлек, бір-біріне жалғассыз дамымайды, олар бірлесіп зияткерлік қабілеттерінің біртұтас қызмет әрекетін тудырады. Халықтың мінез-құлқын танытатын, оның барлық ерекшеліктері мен аса маңызды құпияларын тек тіл ғана білдіре алады.

В.Гумбольдтың тілдік формалар арқылы тілдің семантикалық өзгешелігін білдіретін тілдің ішкі формасы туралы ілімі этнолингвистиканың қалыптасуында өте маңызды болды. В.Гумбольдт ілімі кейін Бодуэн де Куртенэ, А.А.Потебня, В.Маслова, Ф. де Соссюр т.б. еңбектерінде, XX ғасырда А.Уфимцева, А.Вежбицкая, И.Вайсгербер, В.И.Постовалова т.б. зерттеулерінде

ары қарай дамытылды. Қазақ тіл білімінде этнолингвистика мәселелері Ә.Қайдар, М.Копыленко, Е.Жанпейісов зерттеулерінен басталады, кейін бұл бастама Ж.Манкеева, Б.Қасым, Ә.Ахметов, С.Сәтенова, А.Жылқыбаева, Р.Шойбеков, Б.Уызбаева, Қ.Аронов, А.Мухатаева зерттеулерінде жалғасын тауып кеңейтілді.

3.«Ғалам бейнесінің вербальдық сипатына қатысты ғалымдардың тұжырымдары.

Е.С.Кубякова, Б.А.Серебренников, А.А.Уфимцова т.б. ғалымдар ғаламның концептуалдық бейнесін тілдік бейнеге қарағанда әлдеқайда бай деп есептейді. Ғалымдардың пікірінше, ғаламның ғылыми бейнесін құруға ойлаудың түрлі типтері бейвербалды түрлері де қатысады.

«Ғаламның тілдік бейнесі» - индивидтің танымдық көзқарасын көрсететін тілдік бірлік, яғни эмпирикалық тәжірибелердің жиынтығы, аралас жүйедегі білім. «Ғаламның тілдік бейнесін» докторлық зерттеуіне арқау қылған Ислам Айбарша былай дейді: «Дүниенің тілдік суреті адамның танымдық іс-әрекеті, ұлттық мәдениеті негізінде түзіледі және белгілі бір ұлт қауымдастығының өкілдеріне ортақ. Демек, дүние суреті дегеніміз – концептуалды (логикалық) және тілдік үлгілер формасымен берілетін санамен тікелей байланысты дүние туралы білімдер жиынтығы» [3].

Тіл тұтынушы дүниенің тілдік бейнесі арқылы және оның тілдік жүйеде таңбалануы арқылы өлшеусіз құнды ақпарат ала алады. Бұл арада тілдік таңбалар – ақиқат дүние мен одан туатын бейненің арасын дәнекерлеуші. Демек, дүниенің тілдік бейнесі – адамның әлем туралы жинақтаған ой жүйесінің, танымының сөздегі суреті.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Ғалам бейнесі», «ғаламның тілдік бейнесі», «ғалам моделі» ұғымдары дегеніміз не?
2. В.фон Гумбольдтың «тілдік әлемді қабылдау» тұжырымдамасының «аралық әлем және ғаламның тілдік бейнесі» деп қарастырылуы туралы не білесің?
3. «Ғалам бейнесінің вербальдығына қатысты ғалымдардың қандай тұжырымдары бар?

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

1. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию М., 2000.
2. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Филол. ғыл. докт. дисс. автореф – Алматы, 2004. – 47б
3. Колшанский В.Г. Объективная КМ в познании и языке. М., 1990.
4. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – Москва. Русские словари., 1996, - 416с.
5. Ашимбетова Р. Глаголы физического восприятия и их место в языковой картине мира. Автореф. Дисс. Канд. Филол. наук. – А., 2000.
6. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Фил. ғыл. докт. автореф. А., 2004.
8. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. Минск, 2004.

№9- тақырып: Концепт түрлері мен концепт типтері

Негізгі сұрақтар:

1. «Концепт» ұғымына қатысты ғалымдардың пікірлері.
2. Концепт және оның түрлері.
3. Поэтикалық мәтіндегі автордың концептілерді қолдану шеберлігіне қарай топтастырылуы.
4. Концептілердің әр түрлі ассоциативтік түсінікте танылу деңгейіне қарай түрлері.

1. «Концепт» ұғымына қатысты ғалымдардың пікірлері.

Когнитивтік құрылымның негізгі элементтерінің бірі – концепт. Қазіргі лингвистикада «концепт» термині көптеген пікірталастың өзегіне айналғаны, осыған байланысты бірнеше ғылыми бағыттар қалыптасқаны белгілі. Соған орай «концепт» терминіне берілген анықтамалар да алуан түрлі.

Дүниенің тілдік бейнесін ұлттық мәдениет контексінде қарастырған А.Исламның пікірінше: «Концепт дегеніміз – ұлттық дүниетанымның ықшам да, терең мағыналы дүниетаным құндылықтарын айқындайтын тілде көрініс тапқан күрделі бірлік. Әр ұлттың концептілер жүйесін дүниетаным құндылықтары құрайды. Концептілер бір-бірімен тығыз байланыста болып, бір-бірінен туындап отырады. Әр қоғамның даму кезеңдерге сәйкес тіл мен мәдениет иелерінің абстрактілі концептілерді танып түсінуінде өзгерістер болғанымен, негізгі мәдени, дүниетанымдық мәні өзгеріссіз ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады» [7, 12 б.].

2. Концепт және оның түрлері.

Концепт санада танылу деңгейіне қарай бірнеше топқа бөлінеді: Олар: метафизикалық (жан, өлім), ұлттық мәдени концепт (жусан, домбыра, баспалдақ), эмоционалды концептілер (қуаныш, қайғы, бақыт).

Концепт санада белгілі бір концептілік жүйе арқылы қалыптасады.

Концепт түрлері поэтикалық мәтіндегі тілдік көрінісіне қарай фрейм – қарапайым форма, скрипт – күрделі форма, сценарий – оқиғалы форма, схема – сызбалы форма, ойсурет – бейнелі форма деп танылды.

Фрейм – бұл концептілік жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын қарапайым формасы. Ол концептінің ең жақын схемаларынан құралады және ең жақын ассоциативтік, стереотиптік таңбалар арқылы көрініс табады.

Схема(сызба) – когнитивтік санада сыртқы сигналдар мен ішкі сезімдер көмегі арқылы жинақталған ақпараттарды бір құрылымда таныту тәсілі. Бұл жинақталған кеңістік – графикалық немесе сызықтың бейнелер түрінде көрініс беретін тұжырым.

Сценарий. Концепт қалыптастырудағы оның қарапайым танымдық элементтері фрейм болса, әрбір фрейм тармақтарының төңірегінен оқиғалар мен жағдаяттар жүйесін жинақтауға болады. Даму мен қозғалыстан тұратын бірнеше оқиғалардың(эпизодтардың) тізбегі, уақыт пен кеңістікте таралатын кезеңдер мен оқиғалар ауысымының көріністері, аса күрделі бөлінбейтін бөлшектер.

Скрипт – концептілік құрылымның бір типі. Скрипт қалыптастыратын басты элемент фрейм. Скрипттің санадағы көрінісі – сценарий құрылымының

кеңейтілген формасы. Скрипт көзбен көрген нақты тәжірибеден өткен оқиғалар арқылы, балалық шақтан келе жатқан стереотиптік ақпараттары арқылы немесе басқа адамдардың әрекеттерін мұқият есте сақтау арқылы жинақталған ақпараттардан құралады.

Ойсурет – концепт қалыптастыру операциясының ең күрделі формасы. Ойсурет суреткердің қиялдау, суреттеу, ұқсату шеберлігінен туындайды. Санадағы фантазиялау таланты басым болса, концептіні ойсурет құрылымында таныту деңгейі жоғары болады.

Гештальттер- бұл көпқұрылымды, бүтіндей функционалды саналық құрылым. Гештальт сезімдік және рационалды элементтерді топтастыратын бүтіндей бейнелердің көрінісі. Қазақ тіл білімінде ғалым Қ.Жаманбаева: «Гешальт- образ, форма»,-деп көрсетсе, ғалым Б.Хасанұлы «Гештальттер- бұлар сценарийлер, фреймдер, нобайлар, көріністер белгілерінің тіркесі»,-деп сипаттайды [5,136]

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1.«Концепт» дегеніміз не?
2. Концепт түрлеріне не жатады?
- 3.Поэтикалық мәтіндегі автордың концептілерді қолдану шеберлігіне қарай топтастырылады?
4. Концептілердің әр түрлі ассоциативтік түсінікте танылу деңгейіне қарай түрлері.
- 5.Ақиқат дүниенің санада танылу ерекшелігіне қарай танылу концептілер қалай бөлінеді?
- 6.Контраст немесе калейдоскоптық концептілер дегеніміз не?

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Аскольдов-Алексеев С. Концепт и слово // Русская словесность: Антология.– М.: Academia, 1997.
2. Демьянков В.З. Понятие и концепт в художественной литературе и в научном языке // ВЯ; 2001, №1. – с.44-48
3. Апресян Ю.Д. Лексическая семантика. – М., 1974. – 300 б.
4. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М., 1996. – 411 с.
5. Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшеліктері. Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2006. – 125 б.

№10- тақырып: Когнитивтік лингвистика және терминология.

Негізгі сұрақтар:

1. Терминдерді когнитивтік лингвистика тұрғысынан қарастыру.
2. Когнитивтік лингвистиканың терминологиялық жүйесі мен терминнің концептуалды құрылымы.
3. Когнитив лингвистикаға қатысты терминдер («Сана», «когниция», «ментальділік»).

1. Терминдерді когнитивтік лингвистика тұрғысынан қарастыру.

Қазіргі кезде қазақ терминдерін аталымдау мен функциялауда адамның танымдық және ментальдық қызметі (когниция) лингвистикалық зерттеу пәні болып қалыптаса қойған жоқ.

Дүниедегі заттар мен құбылыстардың жер шарын мекендейтін адамдарға ортақ болуымен қатар, әр халық сол заттар мен құбылыстарды өз мәдениетіне, танымына болымысына қарай ыңғайлап, өзінің таным – түсінігінің деңгейі мен тану мүмкіндігіне сәйкес атау береді. Атаудың танымдық – қызметтік табиғатын терең тану үшін оның теориялық негізін қалаушылардың ғылыми пайымдауларының маңызы зор. Терминдер ұлттың, халықтың тәжірибесін, қоғамдағы адамдардың бір–бірімен байланысын, шаруашылығын, рухани, материалды мәдениетін т.б. концептуалдық ғылым кешенін де өз бойына жинақтайды.

2. Когнитивтік лингвистиканың терминологиялық жүйесі мен концептуалды құрылымы.

Қазіргі тіл біліміндегі зерттеулер тәжірибесінде өзектеліп, осы саланың ғылыми терминологиясының жүйесі ретінде анықталған, қалыптасқан когнитивтік лингвистиканың тірек терминдері: сана, зерде, ой, білім, концептуалдану, концептуалдық жүйе, когниция, дүниенің тілдік бейнесі, когнитивтік қор, ментальды репрезентация (ішкі таным), когнитивтік модель, категориялану, вербалдану, ментальдылық, мәдениеттің тұрақтылығы, концепт, дүние бейнесі, концептосфера, ұлттық мәдени кеңістік т.б. Аталған ұғымдардың әрқайсысы когнитивтік әрекеттер мен адамның білім алу және белгілі бір шешімге келуіне тікелей қызмет етеді.

Терминдердің концептуалдық құрылымын анықтауда ұғым мен мазмұн мәселесінің маңызы зор. Себебі терминнің концептуалды құрылымы дегеніміз – белгілі бір ұғымдық сала иелерінің коммуникативтік байланысын қамтамасыз ететін референциялардың инвариантты жүйесі, концептуалды құрылымды тіл жүйелері мен арнайы ұғымдар арасын байланыстыратын негізгі буын деп қарастыруға болады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Терминдерде әлем түсінігі жайлы арнайы білім, ұғымдар қалай қамтылған?
2. Когнитивтік лингвистиканың тірек терминдеріне қай терминдер жатады?
3. Терминнің концептуалды құрылымы дегеніміз не?

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Маслова. В.А. Когнитивная лингвистика: учебное пособие. – Минск: Театра Системе, 2004г.
2. Оразалиева Э, Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы; Алматы, 2007ж.
3. Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі
4. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998ж.

№11- тақырып: Концептуалдық метафораның тілдік табиғаты.

Негізгі сұрақтар:

1. Метафора тілде ерекше танымдық қасиеті бар құбылыс.
2. Метафора сана мен тілдің біртұтас, берік байланысын көрсететін танымдық үдеріс.
3. Концептуальдық метафора туралы түсінік.

1. Метафора тілде ерекше танымдық қасиеті бар құбылыс.

Метафора құбылысының құпиясы ерте заманнан-ақ көптеген ірі ойшыл-ғалымдардың назарын өзіне аударып келеді. Аристотель, Цицерон, Квинтилиан, Дж. Вико сияқты ежелгі дәуір ой-алыптарының метафора туралы айтқан пікірлері мен көзқарастары, әлемдік, орыс, қазақ тіл біліміндегі осы мәселеге арналған ірі-ірі зерттеу тарихынан дүние жүзі ғалымдарының метафора жайлы айтқан ой-пікірлері, қарама-қайшылықты, қызғылықты, алуан түрлі екендігін көруге болады.

Әлемдік тілдерде, орыс тіл білімінде метафораның теориясын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлініп, оның болмысы, мән-маңызы жан-жақты зерттелуде. Бұл бағытта ірі-ірі зерттеу еңбектері дүниеге келді. Алайда бұл ғылыми еңбектер метафора құбылысының, болмысы мен қызметін түпкілікті түсіндіріп отырған жоқ, тек оның кейбір қырлары мен мәселелерін қамтып келеді.

Қазақ тіл білімінде метафора троптың бір түрі ретінде сөз болып, оның көркемдік, бейнелілік қызметі ғана талданып келеді. Метафораның болмысы оның тілдегі қызметі мен маңызы, пайда болу механизмдері, түрлері мен ерекшеліктері т.б. метафораға қатысты маңызды мәселелер осы күнге дейін бір жақты зерттелуде.

Соңғы уақытта ғалымдар метафораны ойлаудың негіздерін түсінудің, жан-жақты бейне жасаудың кілті ретінде тани бастады.

Метафора тілді байытып дамытады. Тіл дамыған сайын оның метафоралануға икемділігі де арта түседі.

2. Метафора сана мен тілдің біртұтас, берік байланысын көрсететін танымдық үдеріс.

Метафора сана мен тілдің біртұтас, берік байланысын көрсететін ерекше құбылыс. Ол ми қызметі, ой-сана мен мәдениетті тілдік шығармашылықпен біріктіретін эволюциялық танымдық үдеріс.

Метафора – ойлау мен танымның, дүние, өркениет, пен ғылымның дамып өркендеуімен тығыз байланысты құбылыс. Ол – үздіксіз дамудың тілдік көрсеткіші. «Әрбір тіл – күңгірттенген метафоралар сөздігі» деп белгілі француз ғалымы Жан Поль айтқандай, метафора тілдің барлық қатпарында көрініс алған, тілдің күрделі табиғатын, сөз құпиясын, сөз мағынасының жасалуын терең түсінуге жол ашатын таңғажайып феномен.

Тіл мен ойлау бір – бірімен тығыз байланысты. Ойлау тіл арқылы жүзеге асады, ойлауға тіл арқылы ғана талдау жасалады. Тіл – ойлауды, сананы қалыптастыратын, оны материалдандырып, жарыққа шығаратын,

адамның ойлау дүниесінің жетістіктерін сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізу құралы.

Тіл мен ойлаудың және болмыстың арасындағы күрделі қарым – қатынасты көрсететін метафора – тіліміздегі ерекше көп қырлы танымдық құбылыстардың бірі. Ол тілдің пайда болу, қалыптасуымен бірге өмір сүріп келеді.

Метафора құбылысы – ең алдымен адам ойлауының нәтижесі. Метафора тек ауыспалы мағына ғана емес, ол – өз бойына көптеген қасиеттер мен қызметтерді сыйғыза білген күрделі үдеріс. Метафора – сөздердің ауысуы мен өзгеруі ғана емес, ойдың бір–бірімен қарым – қатынасының нәтижесі.

2. Концептуалдық метафора туралы түсінік.

Концептуалдық метафора термині шетел ғалымдары еңбектерінде, орыс тілшілері Е.О.Опарина, В.Н.Телия, Н.А.Арутюнова зерттеулерінде танымдық, жаңа ұғым жасау мағыналарында қолданылады.

Орыс тіліндегі метафоралардың концептуалдық қызметін арнайы зерттеген ғалым Е.О.Опарина еңбегінде концептуалдық метафораның жасалуына, танымдық қырларына, оның мағыналық ерекшеліктері, түрлері мен тілдегі қызметтеріне, ғылым тіліндегі концептуалдық қызметіне тоқталады.

Концептуалдық метафора – адам танымында аналогия, ассоциация сияқты ойлау үдерісі заңдылықтарының нәтижесінде туындаған деректі, дерексіз ұғымдардың атауы, жаңа лексикалық мағына.

Концептуалдық метафора заттық дүниені белгілеу құралы ғана емес, ол сонымен қатар абстрактілі болмыстарды табу, оларға сай келетін немесе тілдік ұғымдарды қалыптастыру болып табылады. Мысалы: ”Ислам - халықтық мәдениеттің тірегі, оның рухани қазығы”.

Концептуалдық метафора дегеніміз - адам танымында аналогия, ассоциация сияқты ойлау үдерісі заңдылықтарының нәтижесінде туындаған деректі, дерексіз ұғымдарға тілдің сөздік қорында бар сөздер арқылы атау беріліп, жаңа лексикалық мағына қалыптастыратын тілдік құбылыс.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Метафора адам ойлауы мен тілінде қандай қызмет атқарады?
2. Концептуалды метафораның зерттеу нысаны, мақсаты не?
3. Поэтикалық мәтіндегі концептуалдық метафора қалай қызмет атқарады?

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

1. Маслова. В.А. Когнитивная лингвистика: учебное пособие. – Минск: Театра Системе, 2004г.
2. Оразалиева Э, Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы; Алматы, 2007.
3. Сыбанбаева А. Концептуалды метафора. А., 2000.
4. Зайсанбаева.Г. Метафоралы аталымдардың когнитивтік аспектісі(біріккен зат атаулары негізінде) ф.ғ.к. дәрежесін алу үшін жазылған диссертация Алматы, 2004.

№12- тақырып: Тілдік тұлғаның когнитивтік дәрежесі

Негізгі сұрақтар:

- 1.Тілдік тұлға мәселесінің зерттелуі жайлы түсінік.
- 2.Тілдік тұлға және оның құрылымдары.
3. Тілдік тұлғаның вербалды-семантикалық деңгейі.

1.Тілдік тұлға мәселесінің зерттелуі жайлы түсінік.

Когнитивтік лингвистикада алғаш рет қарастырыла бастаған «Тілдік тұлға» мәселесі қазақ тіл білімінде де кеңінен зерттеліп, сөз бола бастады. «Тілдік тұлға» ақынның немесе жазушының өз образы [Қ.Жұмалиев] мәселесінде әдебиет тұрғысынан және тілдік тұрғыдан зерттеліп келеді. Мысалы: Р.Сыздық «Абай шығармаларының тілі», А,1968; Е.Жанпейісов «М.Әуезовтың «Абай жолы эпопеясының тілі», А,1976 . Бұл іргелі зерттеулерде белгілі бір суреткер тілінің жалпы сипаты мен шығармашылық ерекшелігі сөз байлығы, көріктеу амал-тәсілдерін шебер қолданудың тілдік көріністері (метафора, теңеу, эпитет т.б.), стильдік қолданыс ерекшеліктері шығарма тілінің құрылымдылық жүйесіне сүйеніп жасалған еді.

Қазіргі таңда көркем әдебиет тілін таным тұрғысынан қарастыру, қаламгерлердің сөз қолдану ерекшелігі мен автор бейнесі ретінде ғаламның тілдік бейнесін жасаушы жазушының тілдік тұлғасын талдау бүгінгі күні өзекті мәселе болып отыр. Қазақ тіл білімінде соңғы уақытта жүргізілген зерттеулердің ішінде Ш.Ниятова Махамбеттің тілдік тұлғасын, Ш.Елемесова байырғы ұлттық танымның көркем прозадағы тілдік бейнеленуін, Ж.Саткенова көркем шығармадағы кейіпкер тілінің когнитивтік мәнін, тілдік тұлға мәселесін тереңінен зерттеп, Ф.Қожахметованың Тұрамағамбет Ізтілеуовтың, А.Жуминова Олжас Сүлейменовтың тілдік тұлғасын жан-жақты қарастырған еңбектері бар.

2. Тілдік тұлғаның анықтамасы мен құрылымы.

Жалпы, тілдік тұлға дегеніміздің өзі ұлттық тіл ортасында, ұлттық құндылықтар арасында тәрбиеленген, ұлттық рух пен ұлттық тілді толық меңгерген жеке адам, бүкіл ұлттық болмысты бойына жинақтаған индивид. Тілдік тұлға мәселесіне қатысты ресей ғалымдарымен қатар, қазақтың тілші ғалымдары да нәтижелі жұмыс атқарып келеді. Дегенмен ұлттық тілдік тұлға мәселесін орыс ғалымдары арасында Ю.Н.Караулов кеңінен зерттесе, өз тілші ғалымдарымыздың қатарында Ф.Терекованың зерттеуінде Қ.Қ.Жұбановтың тілдік тұлғасына жан-жақты сипаттама берілген болатын. Шын мәніндегі тілдік тұлға құрылымы – кешенді құбылыс.

В.А.Маслованың көрсетуінше, оған мынадай компоненттер енеді:

1)құндылық, дүниетанымдық, тәрбие мазмұны компоненті, яғни құндылықтар жүйесі және өмірдің мәндері; 2) мәдениеттану компоненті, яғни тілге деген қызығушылықтың тиімді құралы ретінде мәдениетті игеру деңгейі; 3) жеке тұлғалық компонент, яғни, әр адамда бар терең жекелік қасиеттер [10,119].

3. Тілдік тұлғаның вербалды-семантикалық деңгейі

Тілдік тұлғаның өзінің болмысына сәйкес қалыптастырған, енгізген түрі, сөз саптауы, көзқарасы эталондық сипат дәрежесіне көшеді де, оның тілін зерттеудің арқауы бола бастайды. Бұл көбіне тілдік тұлғаның дәстүрлі вербалды – семантикалық деңгейінде байқалатыны даусыз. Осыған сүйенген ғалымдар тілдік тұлға көп қабатты және көп компонентті құрылымнан тұратын жүйе деп есептейді. Ю.Н.Караулов тілдік тұлғаны үш құрылымдық деңгейден тұрады деп санайтыны белгілі:

1. Вербалды-семантикалық деңгей;
2. Когнитивтік деңгей;
3. Прагматикалық (мотивациялық) деңгей; [3,36].

Вербалды-семантикалық деңгейде тілдік тұлғаның күнделікті дәстүрлі тілді меңгеру деңгейі анықталады. Бұл деңгейге автордың өзіндік сөз қолданысы, әртүрлі образдар көрінісінің қолданылу дәрежесі, тілдік тәсілдердің сонылығы, түр жаңалығы, семалар ерекшеліктері енеді. Бұл тілдік тұлғаның бастапқы таным көрінісін ашатын деңгей болғандықтан, ол кейде *нөлдік деңгей* деп те аталып, тілдік тұлғаның тілді қолдану ерекшелігі басым түрде әңгіме болады. Қ.Жаманбаева «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері» еңбегінде А.Байтұрсынұлы көрсеткен тіл толғау шарттарын осы деңгейге енгізеді: 1.Сөз дұрыстығы; 2.Сөйлемдерді орайластырып, құрмаластыру; 3.Тіл анықтығы; 4. Тіл дәлдігі; 5.Тіл көрнектігі [4,19]. Бұл деңгейде, әсіресе, жекелік метафора мен мақалдар, қанатты сөздер, фразеологизмдер ерекшелігін қарастырған жөн.

Тілдік тұлғаның қалыптасуына мына алғышарттар пайда болуы тиіс деп ойлаймыз: 1. Ұлттық тәрбие (отбасылық тәрбие); 2. Ұлттық тілдегі өлшемдер (қабылданған, қабылданбаған құндылықтар); 3. Мәдени ақпарат (салт-дәстүр, әдет-ғұрып); 4. Рухани сана (дін қағидалары); 5. Үлгі тұтатын тұлғалар (Абай, Шоқан т.б.); 6. Озық білім жүйесі; 7. Тектілік интеллектісі. Міне, осы қасиеттерді бойына жинаған индивид, саналы адам дәрежесінен тұлға одан әрі тілдік тұлға дәрежесіне көтеріле алады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Тілдік тұлға мәселесінің зерттелуі жайлы не білесің ?
2. Тілдік тұлға дегеніміз не ?
3. Ю.Н.Караулов ұсынған тілдік тұлғаны танудың үш деңгейлік үлгісіне не жатады?

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

1. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы, -А., 2007.
2. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность., М., 1987.
3. Садирова К. Тілді когнитивтік тұрғыдан түсіндірудің кейбір мәселелері // Тілтаным., 2007, №1.
4. Имашева Г.Е. Міржақып Дулатұлы шығармаларындағы «Ғаламның тілдік бейнесі». ф.ғ.к. дәрежесін алу үшін жазылған диссертация А., 2007.
5. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // тілтаным, 2001, № 1.
6. Маслова В. Когнитивная лингвистика. Минск, 2004.

№13- тақырып: Концептуалдық талдау жүргізу.

Негізгі сұрақтар:

1. Концептуалдық талдау жүргізудің өзіндік ерекшелігі.
2. Концептуалдық талдау мақсаты.

1. Концептуалдық талдау жүргізудің өзіндік ерекшелігі.

Қаламгердің тілдік тұлғасындағы таным ерекшелігін, семантикалық өрісін ұлттық санадағы шынайы, ақиқат дүниенің құндылықтарын таңбалайтын кейбір концептілерге талдау жасау арқылы когнитивтік лингвистика шеңберінде зерттей отырып, Адам мәніне бойлай аламыз.

Осы бағыттағы концепт мәні қазақ тіл білімінде Н.Уәли, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, Қ.Жаманбаева, А.Ислам, Г.Сағидолда, Э.Оразалиева, Б.Нұрдәулетова, Г.Снасапова, М.Күштаева, С.Жапақов, Б.Ақбердиева, Б.Тілеубердиев, Ш.Ниятова, Ш.Елемесова, Г.Имашева, Ф.Қожахметова т.б. зерттеушілер еңбектерінде әр қырынан зерттеліп келеді.

Концептілік талдау арқылы нақты бір социумның лингвомәдениеттанымдық жүйесінде жинақталған дүниенің ұлттық сипат, ұлттық ерекшелік иеленген бейнесімен «жүздесуге» мүмкіндік аламыз. «Ұлттық өзіндік бейне» дейтін себебіміз әрбір этнос өзін қоршаған әлемді тек «өз көзімен» көріп, өзінің түсінігіне жақын мазмұнмен толтырады. Дүниені бағалаудың өз ұлттық ерекшелігін белгілейді Тілдік семаның тілдік бірліктер арқылы берілетін рухани және материалдық құндылықтары тілдің барлық деңгейлерінде көрінеді.

А.Әмірбекова: «Сөздің сөздіктегі мағынасы концепт тудыра алады ма, жоқ па, ол контекстен немесе жалпы жағдаятынан байқалады. Концепт тудыратын сөздер жеке тұлғаның ой-өрісін айқындай алатын болуы керек. Көркем мәтіндегі концептіні айқындау үшін концептуалдық талдау жүргізу керек. Ол үшін, біріншіден, мәтіндегі тірек сөздердің (көп қайталанатын сөздер) тізбегін қалыптастыру керек. Екіншіден, олардың концептілік кеңістікті бейнелеу дәрежесін анықтау керек (бейне, символ, метафора, аллегория) Үшіншіден, осы кеңістіктің базалық концептілерін анықтау керек» дейді.(8).

2. Концептуалдық талдау мақсаты.

Концептуалдық талдау мақсаты – концептінің ақпараттық, мәдени, бейнелі маңыздылығын айқындау және оның концептосферасындағы (концептілік орта) бейнеленуін, яғни концептінің ментальді өрісін құрайтын компоненттердің суреттелуін анықтау.

Концептуалдық талдау – бұл концепт пен репрезентацияның (ішкі танымның) және олардың мазмұнының көріну тәсілі. Бірақ әзірге тіл білімінде бұл талдауға толық дәрежеде түсініп берілген емес.

Ғалым Б.Е.Хұсайынов: «Концептуалдық талдау барысында нені ескеру қажет? Алдымен концептінің көп компонентті екенін және білім өрісін, түсінік, ұғым, ассоциациясын, олардың ядролары мен периферияларын ескеру қажет. Мәтіннің концептуалдық кеңістігі концептінің ортақ қасиеттерінің

топтасуы, бірігуі, бір-біріне тартылуы дәрежесінде ортақ семантикалық өріс құруынан көрінеді», - дейді.[7].

Р.М.Фрумкина концептуалды талдаудың 4 түрлі типін көрсетеді. Концепт талдау субъектісі ретінде түсіндіріледі: 1. Талдауға алынған материалға әр түрлі шығармадан контекст алынады. Мағынаны түсіндіруде автордың жеке тәжірибесі сол мәдениетті тасымалдаушы, философиялық дәстүрді тасымалдаушы ретінде таратылады. 2. Нысана ретінде пропозицияның модальды шылау, кванторлар предикатты лексиканың кейбір типтері алынады. Лингвистика дәстүріне сай тәсілдер қолданылады, мағына интерпретациясы негізгі назарға алынады. 3. Кез-келген кең контекстсіз лексика алынады. Зерттеудің интроспекция тәсілі талдауға қолданылады, формаландырылған семантикалық метатілдегі концептерді түсіндіру жазбасы нәтиже болады. 4. Бағыты жөнінен айырмашылығы бар және мәдени, философиялық, не әлеуметтік жоспардағы жұмысты біріктіреді [13.35].

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Концептуалдық талдау жүргізудің өзіндік ерекшелігі неде?
2. Концептуалдық талдаудың мақсатына не жатады?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері. Тілтаным.
2. Оразалиева Э. Танымдық қазақ тілі. Оқу құралы. – Алматы: Мұрагер, 2005.
3. Маслова. В.А. Когнитивная лингвистика: учебное пособие. – Минск: Театра Системе, 2004г.
4. Оразалиева Э, Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы; Алматы, 2007.
5. Хұсайынов Б. Концептуалды талдаудың рөлі// Тілтаным. №1.
6. Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі(М.Мақатаев поэзиясы бойынша). Филол. ғыл. канд. дисс. автореф., -А., 2006.
7. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998ж.
8. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері. – Тілтаным, Алматы, 2002ж. - №4

14-тақырып. Тілдің танымдық құрылымының мифтік негіздері.

Тапсырмалар мен сұрақтар:

1. Тіл мен мифтің сабақтастығы.
2. Тіл бірліктеріндегі «ғаламның мифтік бейнесі».
3. Қазақ тіліндегі мифтік-танымдық жүйе.

1. Тіл мен мифтің сабақтастығы.

Миф – байырғы адамдардың күнделікті тұрмысы мен өмір тәжірибесінен туған таным-түсінігі, өмір салты, ішкі сезім – түйсігінің нәтижесінде қалыптасқан осы тұжырымға негіз беретін – тілімізде сақталып, мифтік мазмұн арқылы этнос болмысын танытатын тілдік деректер, мифтік сюжеттер.

Тіл мен мифологияны сабақтастықта карауға ерекше көңіл бөлген, өзіндік із қалдырған орыстың көрнекті ғалымы- А.А.Потебня. Ол тілдік құбылыстардың тарихи негіздерінде мифтік түсініктер мен образдың трансформациясы жатыр, яғни мифтік семантика сөздердің "ішкі формасында" деп есептейді. А.А.Потебняның тіл мен ойлау, сөз бен мифті қамтитын символдық теориясы ерекше құнды. Оның мифтік теориясының негізі – сөздің семантикалық қатарын тіл мен ойлаудың тұтас, кең құлашты контекстінде қарастыру принципінде. Ол өзінің "О некоторых символах в славянской народной поэзии" деген еңбегінде мифті зерттеудің символдық теориясының тамаша үлгісін көрсеткен. Біздің тіліміздегі кез келген сөз-символ. Өйткені оның астарында мифтік мазмұн жатыр.

Кумулятивтік қызметі арқылы тілдің даму тарихында сақталып қалған тілдік деректердің мифтік мазмұнын сана мен тіл сабақтастығында зерттеу этномәдениет саласында жаңа өрістер ашуға, ұлттық танымдық негіздерді анықтауға мүмкіндік береді. Себебі әрбір ұлт өз тілінің дамуына үлес қоса отырып, өздері де сол тілмен біте қайнасып кетеді. Соның нәтижесінде қалыптасатын ұлттық таным тілді иемденуші халықтың этникалық, азаматтық тарихымен ұштасады.

2. Тіл бірліктеріндегі «Ғаламның мифтік бейнесі».

«Ғаламның мифтік моделі» мифологиялық ілімдер жүйесінің көрсеткіші болғандықтан, ол белгілі бір когнитивтік аспектіге ие. Дүниенің осы күнгі көрінісі – жер беті, аспан шырақтары, аңдар мен құстардың, өсімдіктердің түрлері, адамдардың өмір салты, әлеуметтік топтар, діни қағидалар, яғни өмірдегі барлық нәрсенің қазіргі күй-жайы – мифтік таным бойынша о баста болған оқиғалардың нәтижесі. Ғаламның мифологиялық қабаттары жайындағы түсінігі, әсіресе, тұрақты сөз орамдарында сақталған.

3. Қазақ тіліндегі мифтік-танымдық жүйе. Мифтік поэтикасын зерттеген ғалым Е.М.Мелитинский мифологиялық таным- түсініктерде "қандай да болмасын заттың мәні оның пайда болуымен байланыстырылады; яғни айнала қоршаған дүниені сипаттау деген сөз- сол дүниенің пайда болу тарихын баяндау" - дейді.

Мифтік- танымдық құрылымдар негізінде қалыптасқан тілдік деректер этнос болмысының, мәдениетінің, рухани дүниетанымының көріністері. Ал «этнос» ұғымы «ұлт» ұғымына қарағанда тереңірек қамтиды. Ежелгі ойлау жүйесінің түрі мифтік танымның мазмұндық межесін мифтік-танымдық деп бағаласақ, оны бейнелеудің, тілде сақтаудың және қолданудың тұрпаттық межесі – тілдегі лексика-фразеологиялық жүйе.

Қазақ ұлтының мәдени өмірінің көрінісі – фразеологиялық қордан ерекше байқалады. Өйткені қазақ фразеологизмдері – халық өмірінің айнасы. Бұл айнада ұлт менталитеті тұтастай қамтылады. Фразеологизмдер – өз табиғатында лексикалық қорды байытатын суретті сөз тіркестері және мәнерлі сөйлеу ойды әсерлі жеткізу амалдарын жүзеге асыруда таптырмайтын тілдік әрі көркемдік құралдар. Сондықтан да фразеологизмдерде астарлы ой, символдық мағына, көркемдік таным үлгілері басым.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Тіл мен мифтің сабақтастығы неден көрінеді?
2. Қазақ тіліндегі мифтік-танымдық жүйе туралы не білесіз?
3. Тіл бірліктеріндегі «ғаламның мифтік бейнесі» қалай көрініс тапқан?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А., 1999
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. А., 1992
3. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. А., 1998.
4. Ақбердиева Б. Когнитивтік лингвистика А., 2009ж.
5. Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері: Алматы, 2007ж
6. Дмитриева Л.М. Онтологическая и ментальная бытие топонимической системы. Автореферат. Дис... д-ра наук. – Екатеринбург: 2003

15-тақырып: Этнографиялық фразеологизмдердің когнитивтік аспектісі.

Тапсырмалар мен сұрақтар:

1. Фразеологизмдердің этномәдени негізі.
2. Этнофразеологизмдердің пайда болу мотивтеріндегі ұлттық мәдени ерекшеліктер.

1. Фразеологизмдердің этномәдени негізі.

Тұрақты сөз тіркестерінің туып, дамып, қалыптасуына әр ұлттың өзіне ғана тән қоршаған ортасының, климаттық ерекшелігі, күнделікті қолданатын тұрмыс құралдарының, азық-түлік, діни нанымдардың, саяси-экономикалық өзгерістердің тікелей әсері бар. Керек десеңіз, қандай да бір ұлт туралы хабары жоқ адам сол ұлт тіліндегі фразеологиялық тіркестер сөздігін ақтарып қарап, ол ұлттың болмысынан, дүниетанымы, нені қастерлеп, не нәрседен жиренетінінен, діни ырым-жырымынан, халық даналығынан, бастан кешірген тарихи оқиғалардан, тіпті, жер-су аттарынан хабардар болады.

Фразеологиялық жүйе мәселесі лингвистикалық тұрғыдан тілдік таңба ретінде ұлт мәдениетімен сабақтас жүйеде қарастырылады. Халықтың дүниені танып білуі, өзі өмір сүріп отырғын ақиқат дүниеге деген көзқарасы күнделікті тұрмыс-тіршілігіндегі, шаруашылығы мен кәсіби қызметіндегі тәжірибеге негізделген. Бұрынғы тұрмыстағы адам ақыл-ойы мен еңбегінің арқасында жасалған сан алуан заттар, бұйымдар, құбылыстар халқымыздың этнографиялық мұрасы болып табылады.

Тілдің *этномәдени* негізі – тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сақтап, оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын игілікті қасиет.

Тіл тағдыры ұрпақ тағдырымен сабақтас. Өйткені әр халық өз ана тілін тек ұрпақтарының жетістігімен ғана өзгеге танытады. Тілдің *этномәдени* негізі – тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сақтап, оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын игілікті қасиет.

2. Этнофразеологизмдердің пайда болу мотивтеріндегі ұлттық мәдени ерекшеліктер

Әрбір ұлттың және халықтың өзіне тән болмыс-бітімі, салт-дәстүрі, материалдық және рухани мұралары, ұлттық ерекшелігі – сол халықтың тарихи даму жолының көрінісі.

Тілімізде сақталып қалған көптеген халықтық атаулар мен көнерген сөздердің астарында этнографиялық мән, этнофразеологизмдер жататындығын Р. Сыздық, Н. Уәли, Г. Смағұлова сияқты ғалымдар өз зерттеулерінде тарихи, тілдік, мифтік, этнографиялық, танымдық мәліметтерге сүйене отырып, өз тұжырымдарын келтіреді.

Әр фразеологизмде мәдени ақпар беретін дағдылы қалыптасқан дүниетаным, ұлт ерекшелігі аңғарылады. Осындай ұлттық мәдени ерекшеліктерді қамтитын тұрақты тіркестерді талдап түсіндіру үшін оның ұлттық мәдени негізіне сүйену керек.

Шынында әр ұлттың мәдени ағымындағы тілдік құбылыстар тамырланып, қалыптасуы үшін оның көптеген алғышарттары мен салалары болу керек. Мәселен, 1. Қазақ халқының ең маңызды мәдени-ұлттық ерекшеліктердің бірі – жан-жақты қамтылған дәстүрлі мәдениет үлгілеріндегі дағдылы ұлттық рәсімдері. Халық ұғымында мұндай ұлттық рәсімдер түрлерінің әбден сақталып қалғандары ғана бүгіндері ұлт төлқұжатындай көрінеді және өзге ұлттардан бөлек мәдени айырмашылықтарын айқындайды.

Қазақ фразеологизмдері мәдени деректерінің тағы бір үлкен саласы – ұлттың адамзат тарихында жасаған интеллектуалдық рухани мұрасы. Бұл төл мәдениеттің өсуі мен гүлденуі, өркениет заманындағы ұлт тарихының бүкіл мәдениетін көрсететін философиялық көзқарасы, тарихы, әдебиеті, тілі. Аталған түп деректердің ауқымдылығы соншалық, олардың әрқайсысы фразеологизмдердің шығу тарихын зерделейтін жеке-жеке ғылым салаларына арқау болатын үлкен ұлттық мәдени қор. Бұған ежелден құлаққа сіңген фольклорлық мұрадан бастау алатын «жердің жарығын бітеу» - ертегідегі ситуация, «қабағынан қар жауып, кірпігіне мұз тоңып», «тау өртеніп, тас жанған» сияқты эпостағы бейнелі сөз өрімдері, «қарағай басын шортан шалар» (Асан Қайғы), «қанды көбік жұтқызу» (Махамбет) – дейтін тарихы дәуір суреттеріне осындай образды тіркестер куә. Сондай-ақ, «қарағайды талға жалғау» (қулықпен амалдап бір нәрсенің ебін табу); «мақтамен бауыздау», «жұмыртқадан жүн қырқу» (өте айлакер болу, өз пайдасын білу, ебін жібермеу); «айға шапты» (қолы жетпеске (әліне қарамай) ұмтылу); «қарағай басын шалу» (қилы заманға тап болу); «ақыр заман» (тар кезең, тіршіліктің соңы); «қара суды теріс ағызу», «су аяғы құрдымнан» (өлу) мағынасындағы тіркестер ұлт тарихының мәдениетін көрсететін философиялық көзқарас іспетті.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Этнографиялық фразеологизмдердің когнитивтік аспектісі дегенді қалай түсінесің? Мысал келтір.
2. Этнофразеологизмдердің пайда болу мотивтеріндегі ұлттық мәдени ерекшеліктерге нені жатқызамыз?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма.- Алматы: РБК, 1998.-126б.
2. АваковаР.Ә. Фразеология теориясы. –А.: Қазақ университеті, 2009. -292б.
- 3.Сәтенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. ФҒД...дисс.Автореферат.-Алматы,1997.-53б
- 4.Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы.- Алматы:Мектеп,1972-112б.
- 5.Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы.–Алматы:Санат,1997.–255б.
6. Сәтенова С.Қос тағанды фразеологиялық тіркестердің авторлық қолданысқа қарай өзгеруі // Тіл тарихы және сөз табиғаты.-Алматы:Ғылым,1997.-98б.
- 7.Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. –Алматы: «Ана тілі», 1998.-304б.
- 8.Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. -Алматы, 1968 – 264 б.
- 9.Қайдаров Ә.Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек. 1985. №10.-103б.
- 10.Жанпейісов Е. Этнолингвистика // Ана тілі. 1994. 23 мамыр.№8.-96б.
- 11.Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. –Алматы: Евразия, 1995. -178с.
- 12.Айбарша И. Ұлттық мәдени контексіндегі дүниенің тілдік суреті. ФҒК... дисс. Автореферат. -Алматы, 1999.- 29 б.
- 13.Жанпейісов Е. Абай жолы романының тілі.-Алматы:Ғылым,1997.-161б.
14. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер. ФҒК... дисс. Автореферат.- Алматы, 1998.-49б.

«Когнитивтік лингвистика» пәні бойынша тест сұрақтары

1. Когнитивтік ғылымының бағыттары мен ұғымдарына алғаш рет көңіл бөлген ғалым қайсысы?
 - а) Дж.Миллер
 - в) Дж. Томсон
 - с) А.Шлейхер
 - д) Ф.Сосюр
 - е) Ж.Манкеева
2. Адам санасындағы білім арқылы көрініс табатын ақпараттар жүйесі қалай аталады?
 - а) сигнификат
 - в) ассоциация
 - с) когниция
 - д) вербалдану
 - е) фабула
3. Стереотип ұғымына алғаш рет анықтама берген ғалым қайсысы?
 - а) В.Маслова
 - в) У.Линиман
 - с) З.Попова
 - д) И.Стернин
 - е) І.Кеңесбаев
4. Когнитивтік ғылымды ХХ ғасырдың 50ж. ғалымдар қалай бағалаған?
 - а) жасанды интеллект
 - в) ерекше құбылыс
 - с) мәдени концепт
 - д) бейнелі мағына
 - е) ақпараттар теориясының симпозиумы
5. “Шаңыраққа қара тігу” фреймінің концептісін анықтаңыз.
 - а) көңіл
 - в) өлім
 - с) қуаныш
 - д) жақсылық
 - е) бақыт
6. Ю.Караулов тілдік тұлғаны танудың үш деңгейлік үлгісін қалай ұсынған?
 - а) вербалды-семантикалық деңгей, когнитивтік деңгей, прагматикалық (мотивациялық) деңгей
 - в) бірлік, уәжсіз, концепт
 - с) концепт, деңгей, таным
 - д) құрам, ұғым, мән
 - е) мазмұн, қор, нәтиже
7. Американдық Гарвард университетінің профессоры Дж.Бруннер, Дж.Миллермен бірге зерттеу орталығын қай жылы ашады?
 - а) 1980 ж.
 - в) 1970 ж.
 - с) 1960 ж.
 - д) 1950 ж.
 - е) 1940 ж.
8. Фрейм теориясын жасанды интеллект ретінде ұсынған ғалымды анықтаңыз:
 - а) М.Минский
 - в) Е.Кубрякова
 - с) Дж.Миллер
 - д) В.Гумбольдт
 - е) Р.Сыздықова
9. “Тәртіптілік” сөзінің концептілік өрісін анықта.
 - а) жазушы болу, жаман әдет
 - в) тамақты аңсау, тентектік
 - с) бейсауат жүрмеу, өсе алмау
 - д) дарқан көңіл, жаны біту

- е) қақ-соғы жоқ болу, қоңыр жүріп, қоңыр тұру
- 10.** Концептілердің санада танылу деңгейіне қарай қалай жіктелгенін анықта.
- а) метафизикалық, ұлттық-мәдени, эмоционалды
в) эмоционалды, экспрессивті
с) метафизикалық, ұлттық, кәсіби
д) ұлттық, әлеуметтік
е) мәдени, халықтық
- 11.** Тақырыптық фрейм-сценарийлерді анықта.
- а) нұрлы өмір, дүние салу
в) баспана, жан бағу, қаза
с) жүрегіме гүл екті, махаббаттың құрығы ұрған, аймалап адал жүрек төнген саған
д) көк жорға, сары уайым
е) көк, сыр, әлем
- 12.** “Ғаламның тілдік бейнесі” термині қай ғалымның ұсынуымен қолданылған?
- а) В.Красных
в) Л.Витгенштейн
с) Ю.Сорокин
д) К.Жаманбаева
е) А.Амирбекова
- 13.** Ғылым тіліндегі метафораның жаңа термин, номинация жасау қызметімен байланысты бөлінуі қалай аталады?
- а) тұрақты метафора
в) стильдік метафора
с) индивидуальды метафора
д) концептуалдық метафора
е) ұлғайған метафора
- 14.** Ұлттық психологияның тілдік көрінісін анықта.
- а) дау немесе делебесі қозатын қазақтың баласы
в) қазаға ұшырады
с) өлім мен өмір
д) жұрт ығы-жығы
е) ұятты қымтау
- 15.** Дүние туралы түсініктің санада қалыптасуының үш дейгейлі психикалық әрекеттерін анықта.
- а) концепт, тілдік, ғаламдық
в) аралық, концептілік, сезімдік
с) сезімдік, қабылдау, түсініктің деңгейі
д) мәдени, ұлттық, танымдық
е) қабылдау, әлемдік, тілдік
- 16.** Сценарий формасына салынған стереотиптік танымды анықта.
- а) жастық шақ – көктем
в) сәбилер жүр кәрі атасын қарсы алып
с) көру бейнесі
д) ант берісу
е) жазық жер
- 17.** Когнитивтік лингвистикадағы негізгі ұғым қайсысы?
- а) формула
в) түр
с) үлгі
д) сан
е) концепт

18. Концептіні тануда басқа бір оқиғаларды ой елегінен өткізіп, одан концептінің бір қырын танытатын фрагменттерді автоматты түрде салыстырып, не ұқсатып ойша табу шеберлігімен ерекшеленетін қайсысы?

- а) ассоциация
- в) таңба
- с) мазмұн
- д) скрипт
- е) таным

19. “Когнитивная лингвистика” еңбегінің авторын анықта.

- а) Қ.Жаманбаева
- в) В.Маслова
- с) А.Кибрик
- д) Ш.Сарыбаев
- е) М.Копыленко

20. И.В.Черемисина ғаламның тілдік бейнесін қалай жіктеген?

- а) ғаламның тілдік бейнесі, идиоэтникалық ғалам бейнесі
- в) ғалам бейнесі, аралық бейне
- с) ғалам моделі, аралық
- д) прототип, концепт
- е) концепт, ұғым

21. Ұлттық салт-дәстүрдің тілдік көрінісін тап.

- а) аруаққа сыйыну
- ә) тағдыр құрығы
- в) қонақ кәде
- д) қоңыр күз
- е) төмен қарады

22. Қазақ тіл білімінде концепт теориясын лингвистикалық тұрғыдан қарастырған қай ғалым?

- а) Ә.Қайдар
- в) Р.Сыздық
- с) Г.Қайдарова
- д) Қ.Жаманбаева
- е) Б.Хасанов

23. Когнитивтік лингвистика ең алғаш қай ғылым аясында зерттелді?

- а) психолингвистика
- в) семасиология
- с) нейролингвистика
- д) әлеуметтік лингвистика
- е) тіл білімі

24. Зерттеушілер өзіндік ерекшеліктеріне қарай стеротиптерді қандай топтарға бөлген?

- а) әлеуметтік, қарым-қатынас, ұлттық, этномәдени
- в) ұлттық, этномәдени
- с) концептілік, бейне
- д) әлеуметтік, ұлттық, адамзаттық
- е) концепт, ассоциация

25. “Гештальт” термині қандай ұғымды береді?

- а) мән, мазмұн
- в) фигура, түр
- с) форма, тип, құрылым
- д) фигура, форма, құрылым
- е) форма, өзгеріс

26. В.Маслова концептінің түрлерін қалай топтастырды?

- а) тұлғалық, адами
- в) жеке тұлғалық, адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты, жалпыұлттық
- с) жалпы, жеке, дара
- д) жеке тұлғалық, форма, үлгі

е) концепт, үлгі

27. Адамның зердесін, ойлау қабілеті мен ментальді әрекеттері және оның жай-күйін зерттейтін ғылыми бағытты тап.

а) паралингвистика

в) прагмалингвистика

д) психолингвистика

с) нейролингвистика

е) когнитивизм

28. Қазақ танымындағы этномәдени концептілерді анықта.

а) лақ-қозы, бесік, үй

в) шаңырақ, бесік, тұмар

д) бақан, атақ

с) қазан, ат, арман

е) жел, өмір

29. Когнитивтік лингвистиканың басты назар аударатын негізгі ұғымдарын анықта.

а) ғалам бейнесі, ғаламның тілдік бейнесі, ғалам моделі

в) ғалам бейнесі, форма, тип

с) ғалам, аралық, кереге

д) ғалам моделі, үлгі

е) концепт, ұғым, зат

30. “От- су” концептісі, “тазалау”, “таза” мағынасының семантикалық өрісін көрсет.

а) қара суық, қара су

в) күн мен түн

д) қара терге түсу

с) қаны қараю

е) ақ пейіл, ақ сөз, қара шай

31. Бір нәрсенің қарапайым типі немесе формасы; заттардың категориясы; оның жалпы сипаты мен қызметіне негізделген абстракциялық ұғымды анықта.

а) прототип

в) концепт, тип

д) гештальт

с) скрипт

е) схема

32. “Сезім” концептісінің концептік өрісін тап:

а) жарқ ету, қызылбас

в) оттай қызыл, маза бермеу

г) ала көңілденіп, танышы кетіп жүру

д) жазушы болу, өткір сөйлеу

е) ақ пейіл, жүрегі ауыру

33. “Әлемнің тілдік бейнесін” жасаудағы стильдік мақсатта қолданылған сентенция құбылысы қайсысы?

а) қызметі биіктің үйі де биік.

в) біздің үйде мереке!

д) жусан, бетеге

с) үріккен қойдай

е) қонақтаған тауықтай

34. Метафизикалық концептіні көрсет.

а) Тұяғым бар, тұлпардай

в) Келесі үйде бір сұлу қыз отыр

с) Аппақ қардай ақ түлкі

д) Жарқын мезгіл

е) Махаббатқа үлкен жүрек нұры тән

35. Мистикалық бейнелерді анықта.

- а) орамал
- в) жанат
- с) иіс
- д) шашты сипау
- е) бір көзді дәу

36. Концептінің ең жақын семаларынан құралатын және ең жақын ассоциативтік, стереотиптік таңбалар арқылы көрініс табатын концептінің типін анықта.

- а) фрейм
- в) концепт
- с) сигнал
- д) стеротип
- е) синтагма

37. “Тіл қолданысының когнитивтік негіздері” атты еңбектің авторы кім?

- а) Ж.Манкеева
- в) Р.Сыздық
- с) В.Маслова
- д) Ә.Қайдар
- е) Қ.Жаманбаева

38. Когнитивтік лингвистиканың бастау көзін анықта.

- а) әлемдік ғалам
- в) тіл философиясы
- с) концепт теориясы
- д) элеуметтік тип
- е) концептілік ұғым

39. Барлық негізгі түс атауларының бойынан табылатын не?

- а) когнитивтік түс
- в) “от, су” стихиясы
- с) аралық әлем
- д) концепт
- е) қара-ақ

40. “Жүрегім, жырым сенікі,
Кеңесті далам, кең далам,
Тудым, өстім, есейдім.

Ен далам – анам, мен – балаң”, - деген жолдар қай концептілік типке тән?

- а) ғалам моделі
- в) концептілік
- с) ұлттық-мәдени
- д) эмоционалдық
- е) тактильдік

41. “Ғаламның тілдік бейнесі” терминін лингвистикаға енгізген қай ғалым?

- а) Л.Витгенштейн
- в) З.Попова
- с) Ж.Манкеева
- д) Л.Вайсгербер
- е) В.Гумбольдт

42. В. Гумбольдтың “тілдік” әлемді қабылдау концептісін Л.Вайсгербер қандай топқа ажыратады?

- а) мазмұн, тип
- в) аралық әлем, ғаламның бейнесі
- с) аралық әлем, скрпит
- д) форма, схема
- е) фрейм, схема

43. Түр-түс атауларының когнитивтік семантикасын зерттеген ғалым қайсысы?

- а) Б.Мейлах
- в) М.Холодное
- с) Н.Аитова
- д) М.Күштаева
- е) Ж.Манкеева

44. “Қоңыр” түсінің кеңістік бейне-үлгісіндегі радикальды құрылымын анықта.

- а) қоңыр күпі, қоңыр дала, қоңыр үн
- в) қоңырқай ой
- с) қоңыр күз
- д) қоңыр кеш
- е) қоңыр жыр

45. Ұлттық – мәдени концептілерді анықта.

- а) таза ниет
- в) кеңістік. Білмейтіндей жасқауды құр, жер- киіз, шаңырақ – көк.
- с) мансабы зордың, беделі де зор
- д) талабы бар, ынтасы зор оқымақ
- е) балғын шақта балғын болған бақытты, дер кезінде пісіп толған бақытты.

46. Концептуалды метафораны зерттеген ғалымды анықта.

- а) А.Сыбанбаева
- в) Қ.Жаманбаева
- с) Р.Сыздық
- д) Б.Шалабай
- е) Ә.Қайдар

47. Концептуалды метафораны көрсет.

- а) пышақтың жүзі
- в) қара шалғын өлеңде өстім
- с) биік мансап- биік жартас
- д) жапырақ жүрек дүрсілдеп
- е) сана түкпірі, қаржы ағыны

48. Ойбейнені анықта.

- а) өрбітіп ақ терегін
- в) мұң- бейне
- с) бақыт – барыңды бөлісу
- д) бақыттан асқан базарлық жоқ
- е) Су шықпас қазғанменен тау басынан, қазақтың дау кетпейді сау басынан.

49. Эмоционалдық концептілерді анықта.

- а) Су атасы – бұлақ
- в) Жаз жазыл, қыс қысыл
- с) Шыр айналып ұршықтай
- д) қайғыменен басылар, ат басындай жүрегім
- е) толған айдай толықсып

50. Дүниені тануда адам санасындағы алғаш пайда болатын ментальды сигналдар қалай аталады?

- а) скрипт
- в) фрейм
- с) схема
- д) концепт
- е) ассоциация

51. Контраст концептілерді анықта.

- а) Бұл дүниеге кірдім де қайта шықтым
- в) өмір – жарыс
- с) суық су кірді санаға
- д) сәбилік шақ
- е) сүттей аппақ кезең

52. Субъектінің қабылданған ақпаратты өңдеу барысындағы өзіндік талдау, құрастыру, топтастыру, бағалау, әрекеттерін танытатын индивидуальды ерекше тәсілді көрсет.

- а) скрипт
- в) ойсурет, форма
- д) концепт

с) когнитивтік тәсіл

е) сценарий

53. Дәмдік бейнені анықта.

а) жігіт- бүркіт

в) өмір дейтін керуен

с) ащы жырым құйылса өтке барып, ашырқанып алайда сөкпе халық!

д) көксеген мақсат

е) тілек қиял

54. Калейдоскоптық концептіні тап.

а) бидай бас байлағанда

в) доңыз жылы туыппын

с) құйрық-бауыр жесу

д) Өмір деген- ұйқы ғой

Түс көргізбей қоя ма?

е) бағаласаң махаббатты бағала

55. Тактильді бейнелерді көрсет.

а) Кетіріп жүрек тынышын, суық су кірді санаға

в) болашағың алдында

д) Биіктік, тереңдік

с) Махаббатқа улану

е) Өткен-өтті

56. Ойсурет қайсысы?

а) Күміс жалды күн дейтін көлікпенен, көріп келем, өмірді көріп келем.
Жоғал сары уайым!

в) Ақиқаттың ақ жолы

д) Дала, дала ...

с) Екі көзі шарасынан шығу

е) Күйкі тірлік

57. “Өмір-тартыс” концептісінің когнитивтік моделін анықта.

а) Өмірде кең даңғыл жол қайда

в) өмір керек көлеңке шуағымен

с) серуенде жастық серуенде, өмір дейтін керуенде

д) өмір деген ию-кию егес

е) О, өмір! О, неғылған сиқыр едің

58. Ұлттық тұрмыстық ерекшеліктерді көрсет.

а) Қуырған бидай өте жақсы тамақ

в) шыр айналған аспан

д) тұздықтап сөйлеу

с) үріккен торғайға ұқсап

е) болашағың алдында піскен жоқ

59. Өміршең бейнелерді анықта.

а) жарық дүние

в) Үкілі тақия

д) Өмір- теңіз

с) Ең ақылды қыз

е) Еркіндік- бөкен

60. “Когниция” терминімен синоним ретінде қолданылатын атауларды анықта.

а) мазмұн, схема

в) скрипт, концепт

с) прототип

д) интеллектуалдық, менталдылық

е) стереотип, тип